

ТРАНСПОРТ ӘЛЕУЕТІН ҰЛҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында еліміздің көлік-логистика әлеуетін жүзеге асыру барысында кездесетін стратегиялық сын-қатерлер қарастырылды.

Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары теміржол, автомобиль, теңіз, әуе көліктері, сондай-ақ құбыр арқылы тасымалдау бағыттарында

жиі ұшырасатын проблемаларды шешу үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Мемлекет басшысы транзиттік жүк тасымалын, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалдау ісін дамытудың өзектілігіне назар аударды. Сондай-ақ отандық өнімдерді экспорттау үшін транспорт әлеуетін ұлғайту маңызды екенін атап өтті. Ол үшін инфрақұрылымдық шектеулер мен басқа да кедергілерді жойып, көлік-логистика қыз-

метінің сапасын арттыру және тариф қалыптастыру жүйесін жетілдіру қажет.

Жиын барысында өнеркәсіп, экспорт және транзит әлеуетін қатар дамыту, инфрақұрылым құрылысының заманауи стандарттарын енгізу және көлік-логистика саласының экономикаға мультипликативті әсерін қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша мән берілді.

Кенес қорытындысы бойынша Президент Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.

БАСПАНА – БАҒЫҢ, БАҒАСЫ – САҒЫМ...

Қазақстанда баспананың қайталама нарығында қымбатшылық рекордтық деңгейге жетті. Үкімет мұның мәнін түсіне алмады. Себебі елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды өсіп жатыр: ол өсім жөнінен экономика салалары арасында алға озды. Бұрын баспанаға сұраныс тудырып келген тұрғын үй және жеңіл ипотека бағдарламаларының біразы жабылды. Жеткіліктілік шегі екі-үш есе өскендіктен, зейнетақы жинағының артылғанына баспана ала алатын азаматтар саны күрт сиреді. Онда неге пәтер қымбаттауда? Салада не болып жатыр?

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жылғы қазанның қорытындысында қайталама нарықтағы баспана бағасы тағы 0,7%-ға өсіп, әрбір шаршы метрі үшін орта есеппен 489 165 теңгеге жетті. Салыстырсақ, елорданың өзінде жана салынып жатқан, тіпті бизнес сыныптағы тұрғын үйлердің шаршы метрі бұдан арзан. Алматыдағы қайталама нарықта 1 шаршы метрдің құны 714 мың теңгеден асады екен. Яғни, ең төменгі жалақы алатын

еңбеккер небәрі 1 шаршы метр құнына 10 ай жұмыс істейді.

Ең арзан деген Қызылордада (236 мың теңгеден асты), Ақтөбеде (288 мыңның үстінде) де баға шығандай бастады.

Статистикалық ведомствоның дерегінше, жана тұрғын үйлердің бағасы 0,3%-ға көтерілген. Бұл салада баға «көтерілісі» тек 4 өңірде – Көкшетау, Алматы, Ақтау мен Атырауда ғана тіркелді.

5»



ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ ОТБАСЫН ОЙРАНДАЙДЫ



Құмар ойын нарығы жылжымайтын мүлік нарығынан екі есе асып түсті. 350 мыңнан астам қазақстандық азамат осындай ойындарға тәуелді. Лудоманияға қарсы іс-қимыл жүргізудің әдіс-тәсілі мен букмекерлік кеңселердің қызметін реттеу мәселелері бүгін Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясының кеңейтілген жиынында талқыланды.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» Төрағасы Ерлан Қашанов лудомания адам тағдырына балта шабатын қауіпті құ-

былысқа айналып бара жатқанын атап өтті. Осыған байланысты партия ойын бизнесі, букмекерлік кеңселер мен лотерея қызметтері бойынша заң жобасын дайындауға бастамашы болды.

«Қазір Қазақстанда ойын-құмарлық індеттей өршіп, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіре бастады. Лудомания – ХХІ ғасырдың дерті. Миллиондаған адам құмар ойындардан зардап шегеді. Бүгінде бәс тігу мектеп қабырғасынан басталып жатыр. Барлық ойын онлайн, жұртшылыққа оңай қолжетімді. Сондықтан Мемлекет басшысы бұл тақырыпты Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында көтеріп, құмар ойындарды шектеуге қатысты міндет қойды. Енді депутаттар мұны заң жүзінде бекітуі керек», – деді ол.

(Жалғасы 3-бетте)

ОТАНДЫҚ НАНОСПУТНИК ЖЕР СІЛКІНІСІН БОЛЖАЙДЫ



Бүгінде елімізде табиғат құбылыстарын бақылауға мүмкіндік беретін жобалар ауқымы кеңейіп келеді. Солардың бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы орталықтың ғалымдары құрастырып жатқан наноспутник. Ғылым саласындағы тың жаңалықты естіген соң жоба авторларымен байланысқа шығып, әңгімелестік.

11»

СПОРТ пен САЯСАТТА БОСАҒУҒА БОЛМАЙДЫ



6
БЕТ

ИНТЕРНЕТІ БАР ЖҰРТТАР ИГІЛІГІН ИГЕРГЕН



7
БЕТ

ӨМІРЗАЯ: ТҮРМЕДЕГІ ТІРШІЛІК

Елімізде өмір бойына бас бостандығынан айырылғандар отыратын жалғыз мекеме бар: ол – «Қара бүркіт» түрмесі. Мұнда аса ауыр қылмыс жасап, қатаң жазаға тартылған педофил, маньяк, канибал және террористер отырады. Қылмыс істегеннің жазасы ауыр, оған – кешірім жоқ. Ал өмірбойы темірторға телміргендер ше, қатесін сезіне ме?

«ҚАРА БҮРКІТ» ЖЫРЫ...

«Қара бүркіт» атауымен елге белгілі түрменің ресми атауы – КРІІМ ҚАЖК Қостанай облысы бойынша ҚАЖД «№39 мекеме». Яғни, 2004 жылдан бастап өмір бойы бас бостандығынан айырылғандар ең қатал режимдегі УК-161/3 төтенше қауіпсіздік мекемесіне тоғытылған. Колония Ресеймен шекаралас жерде, Қостанай облысындағы Жітіқара монокаласынан 30 шақырым жерде орналасқан. Қоста-



найға табан тіреген бізді қаланың орталық алаңынан жергілікті «Қыран» атты такси қызметі қарсы алды.

710 нөмірлі сұр Mazda-ға бас сұға бергенімде: «Сәлеметсіз бе, мен сізді күтіп тұрмын» деді орыс шопыр орысшалап. Қуанып, көлікке отыра кеттік. Қалашықтан шыға бере, шопыр бұрылып: «Қара бүркітке» апар-

тын жолды білетін шығарсыз» деп сұрады. «Мәссаған!». Танданысымды жасыра алмағаным байқалып қалды. Шопыр да жергілікті жерді білмейтінін, Ресейден жақында қоныс аударғанын жеткізіп: «Ештеңе етпейді, навигатор бар, қазір-ақ жетіп барамыз» деп ақтала жөнелді.

(Жалғасы 10-бетте)





АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ РАТИФИКАЦИЯЛАНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата отырысында Мемлекет басшысының Жолдауы аясындағы жобаларды іске асыру барысы талқыланды. Сондай-ақ сенаторлар ЕАЭО аумағындағы аудиторлық қызмет туралы заңды қарап, мақұлдады.

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қызмет көрсетудің ортақ талаптары мен тәсілдерін және ішкі мемлекеттік реттеудің ерекшеліктерін айқындайды.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің аумағында аудиторлық қызметтердің бірыңғай нарығын қамтамасыз етуді көздейді. Заң нормалары мүше мемлекеттердің өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға да ықпал етеді деп күтіліп отыр.

Сонымен қатар іс-шара барысында палатаның өткен аптадағы отырысында сенатор Сүйіндік Алдашев жолдаған депутаттық сауалға Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың ауызша жауабы тыңдалды. Бұл сауалда Мемлекет басшысының Жолдауы аясындағы 15 ірі серпінді жобаны іске асыру мәселесі көтерілген болатын.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, ел Президенті белгілеп берген жаңа экономикалық бағдар еліміздің қуатты өнеркәсіптік негізін қалап, ішкі сұранысты толық қамтамасыз ететін экономика қалыптастыруды көздейді.

«Жолдау аясындағы 15 ірі серпінді жобаны сапалы іске асыру еліміздің әлеуметтік-экономикалық

дамуы жолында үлкен маңызға ие. Бұл мәселе кешенді тәсілдерді және тынғылықты талдауды қажет етеді. Сондықтан бүгін айтылған ұсыныстардың бәрі назардан тыс қалмауы керек. Сенат алдағы уақытта да аталған маңызды жобаларды іске асыруға заңнамалық тұрғыда қолдау көрсетуге дайын», — деген Мәулен Әшімбаев отырысқа қатысушыларға бірлескен белсенді жұмыс үшін алғыс білдірді.

Палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын да жолдады.

Андрей Лукин «Болашақ» бағдарламасының іске асырылуына жетекшілік ететін Халықаралық бағдарламалар орталығының жұмысын сынға алды. Депутаттың пікірінше, орталықта қаржы мониторинг жүйесі тиісті деңгейде құрылмаған. Бұл гранттарды ұтымсыз пайдалануға, сондай-ақ оларды жымқыруға әкеп соғады.

Теннадий Шиповских қаржы пирамидаларынан зардап шеккен қазақстандықтар санының көбеюіне алаңдаушылық білдірді. Осыған байланысты депутат азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырды.

Сәкен Арубаев гидротехникалық нысандардың тозуына қатысты проблемаларға тоқталды. Сенатор қараусыз қалған және жекеменшіктегі нысандардың жай-күйіне ерекше назар аударып, оларды «Қазу-шар» мемлекеттік мекемесінің бақылауына қайтаруды ұсынды.

Жанболат Жөргенбаев ұлттық білім беру жүйесіндегі мәселелерге тоқталып, оларды шешу шараларын және қажетті заңнамалық өзгерістерді атап өтті.

ЗАҢ ЖОБАСЫ РЕЗЕРВТІК КҮШТЕР ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына резервтегі қызмет мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Заң жобасында әскери қызметтің жаңа түрі — аумақтық қағидағы бойынша (тұрғылықты жері) келісімшарт негізінде қызметтің ерікті түрі болып саналатын резервтегі қызмет енгізіледі. Ұсынылған түзетулер әскери бөлімдерді адам ресурстарымен кепілдендірілген қамтамасыз етуге және жауынгерлік іс-қимылдарға дайын резервтік күштер құруға бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар алдағы жалпы отырыста «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы

ратификациялау туралы» заң жобасын қарайды. Хаттамада конвенцияда бекітілген бала құқықтары бұзылған жағдайларда жеке шағымдарды қарау тетіктері белгіленеді. Бұл ел азаматтарының өз мүдделерін халықаралық заңнама аясында қорғауды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет мәселелері бойынша түзетулер екінші оқылымда қаралады.

Мәжіліс комитеттері бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа алады. Олар: зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау, спорт бағытындағы жылқылардың қазақы тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУЫ ТҰРАҚТЫ ҚАЖЕТ



Сенатта Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті.

Палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Жолдауда белгіленген экономикалық дамудың жаңа парадигмасына сәйкес шағын және орта бизнес ұлттық экономиканы дамытудың драйвері болуға тиіс. Сондай-ақ Сенат Спикері бұл бағытта іске асырылып жатқан жұмыстардың тиімділігін талдау және бизнесті қолдау шараларын қайта реттеу маңызды екенін айтты.

«Біздің алдымызда тұрған мақсат — шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің деңгейіне, яғни 40-50 пайызға дейін жеткізу. Бұл мәселені шешу үшін шағын және орта бизнестің өнімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Өзірге өңдеу секторындағы кәсіпорындар саны тиісті деңгейде өсіп отырған жоқ. Тиімді жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды іріленуге және ауқымын кеңейтуге ынталандыру керек», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар іс-шарада ШОБ-тың өңірлік диспропорция проблемасына және кәсіпкерлік қызметтің ірі аймақтар — Астана, Алматы қалалары мен Түркістан және Алматы облыстарында көп шоғырлануына баса мән берілді. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев жергілікті бизнесті ынталандыру үшін өңірлерді дамыту ерекшелігін ескерудің және өңірлік бағдарламаларды жетілдірудің маңыздылығын атап өтті.

Сенат Төрағасы кәсіпкерлерге салық салу тәсілін және бизнестің бөлінуіне себеп болатын фискалдық саясатты қайта қарауды да ұсынды.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы Райымбек Баталов салықтық жүктеме бойынша шағын бизнес форматынан орта бизнес форматына көшуді қолдап, бірқатар ұсыныс жасады. Атап айтқанда, ол мемлекеттік кірістер органдары цифрлы шешімдер мен сервистік тәсілді қолдануды ескере отырып, салықтық өкімшілендіруді реформалау мәселесіне назар аударды. Сондай-ақ Р.Баталов банктер тарапынан бизнесті несиелеу рәсіміне өзгерістер енгізуді ұсынды.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша талқылауда айтылған барлық мәселе назарға алынып, тиісті ұсынымдар әзірленді. Олардың қатарында арнайы салық режимдерінің санын қысқарту, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкерлер үшін зейнетақы аударымдары мен әлеуметтік төлемдерді қоса отырып, айналымның 3 пайыздық мөлшерінде бірыңғай төлем белгілеу сияқты мәселелер бар. Одан бөлек, депутаттар кәсіпкерлерге несиелер беру шарттарын жеңілдету шараларын да ұсынды. Нақты айтқанда, кепілсіз кредиттеуді не қала шегіндегі кепіл мүлкінің талаптарын алып тастауды және ауылдық жерлердегі кәсіпкерлер үшін оның бағалау құнын айқындау кезінде төмендету коэффициентін қолдануды алып тастауды қарастыру ұсынылды.

Іс-шара барысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, өңірлердің, іскер әйелдер қауымдастығы кеңесінің басшылығы мен өкілдері және тағы басқалары баяндама жасады.

ҚЫТАЙМЕН АРАДАҒЫ ӘУЕРЕЙСТЕРІ КӨБЕЙЕДІ



Кешеден бастап Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында визасыз режим қолданысқа енгізілді. Келіс министрілігінің мәлімдеуінше, жолаушылар тарапынан туындап отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында екі ел арасындағы рейстер санын ұлғайту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Осылайша, Air Astana әуекомпаниясы жолаушылар ағынының артуына байланысты бірнеше бағыт бойынша рейстер санын ұлғайтуды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, Алматы — Пекин бағытында аптасына 6 рейстен 7 рейске

дейін; Астана — Пекин бағыты бойынша аптасына 1 рейстен 3 рейске дейін; Алматы — Үрімші бағытында аптасына 2 рейстен 7 рейске дейін ұлғайтылады.

Сонымен бірге келесі жылы Air Astana әуекомпаниясы Шан-

хай, Гуанчжоу және Чэнду қалаларына жаңа бағыттар ашуды жоспарлап отыр. Бұдан басқа қытайлық Air Logistics жүк әуекомпаниясы қараша айынан бастап Алматы — Сиань бағыты бойынша жүк тасымалына арналған тұрақты рейстерді іске қосуды көздеп отыр.

Осы ретте бүгінде Қазақстан мен Қытай арасында аптасына 27 рейс орындалатынын айта кеткен орынды. Оның ішінде «Алматы — Бейжің» бағытында (Air Astana) — аптасына 6 рейс; «Астана — Бейжің» (Air Astana) — 1 рейс; «Астана — Үрімші» (Fly Arystan) — 2 рейс, China Southern Airlines — 2 рейс; «Алматы — Үрімші» (Air Astana) — 2 рейс, China Southern Airlines — 7 рейс; «Алматы — Сиань» (China Southern Airlines) — 2 рейс; «Астана — Сиань — Пекин» (Air China) — 2 рейс; «Алматы — Ханчжоу» (Loong Airlines) — 3 рейс.

Жалпы, Қазақстан мен Қытайдың авиациялық билік өкілдерінің арасындағы келісімге сәйкес екі елдің әуекомпанияларына аптасына 84 рейс орындалуға рұқсат етілген.

«АҢСАҒАН СӘБИ» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

«Аңсаған сәби» бағдарламасы 2030 жылға дейін жалғасады. Бұл туралы Алматыда өткен Қазақстан репродуктологиялық медицина қауымдастығының халықаралық конгресінде айтылды.

Мамандардың дерегінше, елімізде әр алтыншы отбасы бедеулікпен зардап шегеді. Қазір экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) тәсіліне жүгінетіндер көп.

2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен республикамызда «Аңсаған сәби» бағдарламасы қабылданған болатын. Үш жылдың ішінде 10 мыңнан аса бала дүниеге келді. Енді игілігі мол жоба тағы 7 жылға созылса, 49 мың ата-ананың сәбилі болуы ықтимал.

«Ер адамдар арасында тіркелген бедеулік көрсеткіші шамамен 30-35%-ды құрайды. Әйел адамдарда да солай, 30-35% бедеулік кездеседі. Әйел адамның да, ер адамның да бедеулігі бір жұпта кездесіп жатады», — дейді жекеменшік клиниканың директоры Марат Отарбаев.



ТОЗҒАН ҰШАҚТАР ТЕМІРГЕ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан 117 әскери ұшақты сатуға қойды. Мұндағы басты шарт – сатып алынған техника көдеге жарату арқылы жойылуға тиіс. Саудаға шығарылған ұшақтар Алматы мен Қарағанды облыстарында және Семей, Шымкент қалаларының әскери бөлімдерінде орналасқан.

Бауыржан БАЗАР

Айта кетейік, аталған 117 әскери техника – Кеңес дәуірінің мұрасы. Су және МиГ маркалы ұшақтар неше жылдан бері әскери бөлімдерде қантарулы тұрған. Қорғаныс министрлігі AIQYN газетіне жолдаған жауабында: «Бұл ұшақтар өткен ғасырдың 70-80 жылдарында шығарылған. Техника Қазақстан Республикасының Қарулы

Украина арасындағы соғыстың негізгі құралы. Ресей Украинаға қарсы «арнайы әскери операциясын» бастағанда МиГ-29, МиГ-31 және Су-24 ұшақтарын жаппай қолданған болатын.

Ашық дерек көздері соғыс басталмас бұрын Украина Қарулы күштерінде 40-қа жуық МиГ-29 ұшағы болғанын жазады. Golosameriki.com сайтының жазуынша, 1992 жылы Украина әуе күштерінің қуаты ұшақ саны (1,1 мыңға жуық) мен тікұшақ саны (900-дей) бойынша Ресейден кейінгі



күштерінде пайдалану мерзімінің белгіленген шегіне дейін қолданылып, кейін сақтауға қойылған», – деп көрсетеді. Министрлік мәліметінше, қолданыстағы заңнамаға және қару-жарак пен әскери техниканы көдеге жарату ережелеріне сәйкес бұл ұшақтар пайдаланылмайтын әскери мүлікке жатады.

Әуелгіде 26 қазан күні электронды сауда-саттыққа шығарылған лоттың жалпы бастапқы бағасы 1,8 млрд теңге (\$ 3,85 млн) деп қойылды. Бұл еліміздің төрт аймағында орналасқан 117 әскери ұшаққа белгіленген ортақ құн. Оның ішінде 1975–1989 жылдары шығарылған 81 ұшақ Алматы облысы Жетіген кентіндегі әскери бөлімде тұр, техниканың бастапқы бағасы – 1 019 782 199 теңге. Сондай-ақ Қарағанды облысында 11 ұшақ – 230,5 млн теңге, Семейде 10 ұшақ – 358,3 млн теңге, Шымкентте 15 ұшақ – 194,8 млн теңге деп белгіленген.

Тозған техниканы сату құқығы – Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетіне қарасты «Қазарнаулыэкспорт» РМК-на берілген. Мекеме негізінен МиГ-27, МиГ-29, МиГ-31 және Су-24 ұшақтарын саудаға шығарып отыр. Техниканың тізімін дайындап, уәкілетті органға жіберген – Қорғаныс министрлігі.

«2023 жылғы 5 сәуірде пайдаланылмайтын мүлікті бөлу жөніндегі комиссияның отырысында «Қазақстан инжиниринг» ҰҚАҚ-ның пайдаланылмайтын мүлкін (жоғарыда көрсетілген авиациялық техника) «Қазарнаулыэкспорт» РМК уәкілетті ұйымы көдеге жарату арқылы жою шартымен сатуға беру мәселесі де мақұлданды», – делінген министрліктің жауабында.

«Атын жаман болса, сатып құтыларсын» дегенді, министрлік тозығы жетіп тұрған «қанатты» техникадан осылай құтылмақ секілді. Алайда алғашқы сауда сәтсіз аяқталды. Ендігі мүмкіндік – екінші кезең, яғни 10 қарашада «Қазарнаулыэкспорт» Жетігендегі 81 ұшақтың бастапқы бағасын (1 019 782 199 теңге) төмендетіп, (509 891 099,50 теңге) қайта аукционға шығарды.

Мекеме сайтындағы ақпараттық хабарламада: «Қазарнаулыэкспорт» РМК ҚР Қарулы Күштерінің пайдаланылмайтын мүлкін жою шартымен өткізу бойынша электрондық сауда-саттықтың өткізілетінін хабарлайды, ол 2023 жылғы 10 және 14 қарашада сағат 10:00-де www.gosseestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өткізіледі», – деп жазылған. Металлолом саудасына шығарылған ескі МиГ-27, МиГ-29, МиГ-31 ұшақтарының әрқайсысы қаншаға бағаланып отырғаны жайлы нақты ақпарат жоқ, дегенмен олардың кейінгі буыны МиГ-35 ұшағының нарықтағы кәсіргі құны 40-45 млн доллардың айналасында.

Дегенмен біз ескірді деп есептен шығарған МиГ-терді әлі де мініп жүрген мемлекет көп. Бұл ұшақтар – әсіресе, Ресей мен

екінші орында тұрған. Украина өзіндегі артық авиация құралдарын 2014 жылға дейін әлемдік нарықта саудалап келді. Бұл ел жойғыш ұшақтар (истребитель) саудасындағы соңғы мәмілені 2014 жылы аяқтап, Хорватияға бес МиГ-21, Чадқа – 1 МиГ-29 ұшағын өткізді. 2022 жылы соғыстың алғашқы он айында Украина Шығыс Еуропа мемлекеттерінен кеңестік модельдегі 45 әскери ұшақ (көбінесе МиГ-29 және Су-25) сатып алды.

Отанның тыныштығын күзетіп, әуедегі қауіпсіздікті қорғауы тиіс бұл ұшақтар Ресейде соғыссыз да жиі құлап жататыны рас. Мәселен, былтыр 17 қазанда Ейск қаласында (Краснодар аймағы) Су-34 ұшағы 9 қабатты тұрғын үйге соғылса, алты күннен кейін 23 қазанда Су-30 ұшағы Иркутскіде құлаған болатын. Жалпы, 2022 жылы РФ аумағында әскери ұшақтардың қатысуымен 11 оқиға тіркеліпті.

Біздің елде ескі ұшақтар Ресейдегідей көп ұша бермейді, ұшағаны да жақсы ма дейсін. Сондықтан тозған техниканы темірге өткізіп, көзін жоюдан өзге жол жоқ. Металлолом демекші, сатылымға шығарылған 117 әскери ұшақты кім сатып алатыны туралы деректі таппайсыз. Десе де, бір белгілісі сатылғаннан кейін бұл техникалар тұрған жерінде, яғни әскери бөлімдердің аумағында көдеге жарату арқылы жойылуы тиіс. Сондай-ақ талап бойынша оларды тіпті қосалқы бөлшектерге де қолдануға болмайды. «Бұл техниканы басқа елдерге сату жоспарланбаған. Қарулы күштерде пайдаланылмаған техниканы есептен шығарудан және көдеге жаратудан басқа, әскери-әуе күштерін оқу-жауынгерлік міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін заманауи тікұшақтармен, жауынгерлермен және әскери-көлік ұшақтарымен жоспарлы түрде жаратандыру жүргізілуде», – делінген Қорғаныс министрлігі жолдаған ақпаратта.

Ендігі мәселе, темірге өткізіліп, көзі жойылатын техниканың орнын қалай толтырамыз? Әрине, әскери техника, қару-жарак есебі мемлекеттік құпияға жатады. Дегенмен еліміздің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайтып, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды міндет. Мемлекет басшысы биыл халыққа Жолдауында қорғаныс саласына айрықша тоқталып, Қазақстан армиясын жоғары технологиялы әскери техникамен, заманауи ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен жабдықтауды тапсырған. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің дерегінше, алдағы кезеңде қару-жарак пен әскери техниканы жөндеу технологиясын игеру үлесін 55%-ға дейін, жаңғыртуды – 35%-ға дейін, қазіргі заманғы өндірістерді 70%-ға дейін жеткізу міндеті тұр. Бұл тұрғыда үкіметтің алдында тұрған мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуда отандық өндіріске басымдық беру, шетелдің технологиясын енгізе отырып, оқшаулау үлесі жоғары өндіріс циклін құру.



Еллар Қ.Б.А. (қолжауы)

ҚЫЗЫЛШАНЫҢ ҚАУПІНЕН ЕКПЕ ҒАНА ҚОРҒАЙДЫ

Қазақстанның барлық аймағында қызылша дерті асқынып тұр. Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға алаңдаған Үкімет басшысының орынбасары Тамара Дүйсенова мәселе шешілмеген жағдайда кейбір денсаулық сақтау нысандарының қызметін уақытша тоқтата тұру шарасын қарастыру керек екенін ескертті. Сонымен қатар қазір республика көлемінде қызылшаға қарсы жаппай иммунитет басталды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, жыл басынан бері республика бойынша қызылшаның 13 103 жағдайы тіркелді, оның 14,1 пайызы (1 854 жағдайы) – ересектер арасында. Еліміздің 4 өңірінде (Шымкент қаласында – 2 283 жағдай, Алматы қаласында – 2 217, Жамбыл облысында – 1 605, Алматы облысында – 1 215 жағдай) дерт деңдеп тұр. Нақты көрсеткішке сәйкес, олардың 70 пайызы немесе 8 866 жағдай вакцинацияланбаған балаларға тиесілі. Оның ішінде вакцинациядан бас тарту себебінен – 5 286, медициналық қарсы көрсетілділер – 1 555, егу жасына жетпеу – 1 930, өзге себептер 93 екенін айта кету керек. Яғни, министрлік қызылша инфекциясы халық арасындағы вакцинадан бас тартушылардың есебінен артып отырғанын алға тартады. Бірақ қазір қызылша ғана емес, А гепатитімен ауырғандар қатары да көбейіп барады. Пандемиядан кейін адамдардың иммунитеті әлсіреп кеткені де рас.

Қазіргі уақытта қызылша ауруы әлемнің көптеген елінде тіркеледі. Қызылша бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға мынадай факторлар әсер етті: коронавирустық инфекция пандемиясы кезінде жоспарлы егулерді өткізіп алу, медициналық қарсы көрсетілділер, ата-аналардың вакцинациядан бас тартуы, вакцинацияның зияны туралы жалған ақпараттың көптеп таралуы, нәтижесінде халықтың вакцинамен басқарылатын инфекцияларға сезімтал топтарының жинақталуы. Осы факторларға байланысты инфекцияның таралу қарқыны жоғарылайды және егу жасына жетпеген балаларда (яғни, 1 жасқа дейін) қызылшаның тіркелуді де өзекті болады, – делінген Денсаулық сақтау министрлігінің редакцияға берген жауабында.

Иә, қызылша вирустық инфекция болғандықтан, иммунитет жүйесі әлсіз адамдарға және балаларға тез жұғады. Ауа тамшылары арқылы жылдам тарайды. Өкінішке қарай, кейде асқынған дерттің соны қайғылы аяқталатын жағдайлар да кездеседі. Оның қоздырғышы вирус екені бір ғасыр бұрын дәлелденген. Америкалық ғалымдар – Нобель сыйлығының лауреаты, вирусолог Джон Эндерс пен дәрігер Томас Пиблз қызылша инфекциясын зерттеп, 1954 жылы вирустың өзін алғаш рет бөліп алды. 1963 жылы Джон Эндерс өндіріп алған штамман қызылшаға қарсы тұңғыш вакцина жасалды. Бірақ ол кезде оны жаппай қолдануға мүмкіндік болмаған. Тек бес жылдан кейін, яғни 1959 жылы америкалық микро-

биолог Моррис Хиллман медицина тарихындағы ең сәтті саналған қызылшаға қарсы тағы бір вакцина жасады. Ал КСРО-да 1960 жылдары халық арасында жаппай иммунитет жүргізудің арқасында дәрігерлер қызылша вирусын жеңді. Алайда уақыт өте келе бұл екепнің тұрақты иммунитет қалыптастыруға қауқарсыз екені анықталды. Кейін ғылыми ізденістердің арқасында қызылшаға қарсы екепті құрамында қызылша, қызамық және паротитке қарсы аралас вакциналар шығарылды. Өйткені медицинада қызылша, қызамық және паротиттен сактанудың жалғыз жолы – иммунитет болып саналады.

Сонымен, дерттің алдын алу және таралуын болдырмау үшін Денсаулық сақтау министрлігі жариялаған жаппай иммунитет қалай жүзеге аспақ? Әсіресе, ауру асқынып тұрған Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Түркістан, Ақмола және Атырау облыстарында жағдай қалай болып жатыр?

Қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммунитет барысында бірінші кезекте 6 айдан 11 айға дейінгі балалар имундауға жатады. Желтоқсаннан бастап қызылшаға қарсы егу статусына қарамастан 2 жасдан 4 жас 11 ай 29 күн аралығындағы балаларды, сондай-ақ қызылшаға қарсы профилактикалық екептері жок медицина қызметкерлерін қызылшаға қарсы қосымша иммунитет жоспарлануда, – дейді ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Нұршай Әзімбаева.

Ал Астананың бас санитариялық дәрігері Сархат Бейсенованың айтуынша, елордада қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты емес деп бағаланауда. Был ең алғашқы жағдай наурыз айында тіркелді және осы кезеңнен бастап қызылшаға күдікті 1 318 жағдай анықталып, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 955 жағдай (72,5%) тіркелді. 10 қарашадағы көрсеткішке сәйкес, Астана бойынша қызылша ауруы 580 наукаста расталды, оның ішінде ересектер арасында 16,9 пайыз немесе 98 адам, ал 15-19 жастағы 35 жасөспірім (6%) қызылша жұқтырған. 14 жасқа дейінгі балалар арасында 447 жағдай тіркеліп, яғни 77 пайызды құраған. Оның ішінде ең көп жағдай төрт жасқа дейінгі балаларға тиесілі, яғни 359 жағдай немесе 61,9 пайыз.

– Қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммунитет барысында бірінші кезекте 6 айдан 11 айға дейінгі балалар имундауға жатады. Желтоқсаннан бастап қызылшаға қарсы егу статусына қарамастан 2 жасдан 4 жас 11 ай 29 күн аралығындағы балаларды, сондай-ақ қызылшаға қарсы профилактикалық екептері жок медицина қызметкерлерін қызылшаға қарсы қосымша иммунитет жоспарлануда, – дейді ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Нұршай Әзімбаева.

3 жағдай, 3 балабақшада 3 жағдай, қалғандарында бір жағдай тіркелді. Қызылша жұқтырған 96 наукастың 91-і немесе 95 пайызы – екеп алмаған балалар. 34 мектепте 48 расталған жағдай, оның ішінде 5 мектепте 2-ден 5 жағдайға дейін, қалғандарында бір жағдай тіркелді. Мектеп оқушыларының 85 пайызы немесе 41-інде вакцинация болған жоқ. 4 жоғары оқу орны арасында 24 жағдай тіркелді, – дейді Сархат Бейсенова. Дегенмен халық арасында вакцина салдыруға қатысты сұрақ көп. Бірі қызылшаға қарсы иммунитет қаламаса, кейбірі екішті, күмәнді ойда жүр. Сондықтан халыққа түсіндіру жұмыстарын дұрыс жүргізудің маңызы зор. Халық қызылша ауруының қаншалықты қауіпті екенінен бейхабар. Мәселен, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Нұршай Әзімбаеваның айтуынша, қызылша ми қабығының қабынуы (энцефалит – 1-4%), өкпе қабынуы (пневмония – 1-6%), құлақ қабынуы (отит – 7-9%) сияқты асқынудармен қатар жүретіндіктен қауіпті саналады. Сондай-ақ аурудың өлгіме әкелетінін (3-6%) ескере отырып, ата-аналар балаларының денсаулығына мұқият болуы керек. Ауру асқынып кетпес үшін дерт пайда болған кезде уақыт медициналық көмекке жүгінген абзал. Вакцинацияны уақытылы алу аурудың алдын алуға, ауруды жеңілдетуге, сонымен қатар қызылшаның ауыр түрімен ауыру қаупін төмендетуде пайдасы зор.

Әлемдік тәжірибеде вакцинадан бас тартқан адамдарға міндетті түрде шара қолдан қарастырылған. Мәселен, Германияда наука екеп салдырмау салдарынан ауруханаға түссе, оны сақтандыру картасы жарамсыз болады. Мұнда ауруханаға жатып емделудің бағасы тым қымбат. Оны көп адамның қалтасы көтере бермейді. Немістердің мұндай қаламаса не себепті барғанын зерделегенімізде, бұл мемлекет Еуропада қызылшамен ауырғандардың қатары тым артқандықтан 2019 жылы осындай әдіспен ауруды асқындырмау мұқият қолға алған екен. Егер ата-ана баласына екеп салдырмаса, 2 500 еуро айыппұл төлейді. Италияда баласына екеп салғызудан бас тартқан ата-анаға 500 еуроға жуық айыппұл белгіленген. Алты жасқа дейін екеп салынбаған баланы балабақша қабылдамайды. Тіпті, мектепке бару-бармау да вакцина алуына қатысты шешіледі екен.

Сала мамандарының айтуынша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы таратқан дерекке сәйкес, 2000 жылдан бері вакциналау әлем бойынша қызылшадан қайтыс болу көрсеткішін 80 пайызға төмендеткен. Сондықтан өмір сапасын жақсарту үшін екепден бас тартуға болмайды.

ӨНДІРІС ӨРКЕН ЖАЯ БАСТАДЫ

Жетісудағы жалғыз моноқала – Текелінің басты байлығы болған қорғасын-мырыш кенішінің негізінде құрылған кен-байыту комбинатының жұмысы да кейінгі жылдары қарқынды баяулатып, бұрынғы ауқымын барынша азайтты. Өйткені кен қоры азайып, барын алу тым күрделеніп кеткен еді. Осылайша, қала құраушы басты кәсіпорынның өндірісі ықшамдалғалы бері кеншілер шаһарында басқа баламалы кәсіптер көзін игеруге ден қойыла бастаған. Бір жақсысы, тау қойнауында қорғасын мен мырыштан басқа да пайдалы қазбалар баршылық. Тек ретін келтір де, кіріс көзіне айналдыр. Сонымен бірге еліміздің басқа өңірлерімен байланыс орнатып, отандық шикізатты қажетке жаратып, сұранысқа ие өнімдер шығаруды да қолға алып, пайдасын көріп отырғандар бар.



Шағын қаладағы жергілікті немесе басқа аймақтардан жеткізілген отандық шикізатты пайдаланып, өндірісін өркендетіп, қалалықтарға жұмыс орындарын ашып отырған кәсіпорындардың бірі – Ak Altyn Products ЖШС. Құрылысқа қажетті өк өндіретін зауытқа қазір жұмысшылар керек. Бүгінде кәсіпорынға электромеханик, электрослесарь мамандары жетіспейді.

Кәсіпорын директоры Данияр Ысқақовтың айтуынша, Ak Altyn Products ЖШС 2018 жылдан бері жұмыс істейді. Алғашында 1-сортты езілген және езілмеген ұсақ әк шығару желісі іске қосылса, 2020 жылы құрылысқа арналған гипс сылағы, кафежелімі, блок желімі сияқты құрғақ қоспалар шығаратын желі орнатылып, қосымша жаңа өндіріс жолға қойылған. Ал 2021 жылы осы желіге қосымша құрылғылар орнатылып, өндіріс көлемі бұрынғыдан да арта түскен. Жалпы, зауыттың толық қуаты тәулігіне 60 тонна әк, 25 тонна құрғақ қоспа шығаруға қауқарлы. Биылғы 9 айда мұнда 4 500 тонна әк, 3 500 тонна құрғақ қоспа өндірілген. Компания өнімдері құрылыста, металлургия мен химия өнеркәсібінде, сәулет өнерінде және ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады және осындай құрылыс материалдарына деген сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндігінше үлес қосып отыр.

«Біздің кәсіпорын Павлодардағы алюминий, Балқаштағы кен байыту зауыттарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Негізгі шикізатты қазір Жамбыл облысынан әкеліміз. Өнімдерімізге сұраныс өте көп. Алматы мен Тараз, Шымкент, Қашағай қалаларынан, өзіміздің Талдықорғаннан тапсырыстар жиі болады және оларды уақытында орындап отырымыз», – дейді зауыт басшысы.

Қазір кәсіпорында 55 адам жұмыс істейді. Түгелге жуығы – жергілікті тұрғындар. Олардың айлық жалақысы 150-160 мың теңге көлемінде. Серіктестік жұмысшылары арнайы жұмыс киімімен қамтамасыз етілген. Мүмкіндікке сай басқа да жағдайлар ойландырылған. Болашаққа бағытталған біршама жоспар да бар көрінеді. Қазір жұмысшыларға сұраныстан артып отырғаны да өндірістің өркен жая бастағанының белгісі. Мекеме басшысының айтуынша, әсіресе электромеханик, электрослесарь мамандарына қажеттілік тым өзекті болып тұр. Сонымен бірге кәсіпорын жақын арада Ескекті ауданы аумағынан кен орнын анықтап, қазір оны пайдалануға рұқсат алудың тиісті құжаттарын әзірлеуде. Осыған орай Қытайдан жана құрал-жабдықтар әкеліп, кәсіпорынды кеңейтіп, қосымша қойма салу жоспарланған. Сол кезде қосымша тағы 20 жұмыс орны ашылмақ. Бұған қоса, келесі жылы зауытқа газ тарту жұмысы қолға алынады. Мұнда да қосымша жұмыс орындары қажет болары сөзсіз. Зауыт газға қосылған соң экологиялық мәселелер де келмесе кетіп, қосымша шығын да азаяды.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы



БАСПАНА – БАҒЫҢ, БАҒАСЫ – САҒЫМ...

Айхан ШӨРІП

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2023 жылғы қазанның қорытындысында қайталама нарықтағы баспана бағасы тағы 0,7%-ға өсіп, әрбір шаршы метрі үшін орта есеппен 489 165 теңгеге жетті. Салыстырсақ, елорданың өзінде жаңа салынып жатқан, тіпті бизнес сыныптағы тұрғын үйлердің шаршы метрі бұдан арзан.

Алматыдағы қайталама нарықта 1 шаршы метрдің құны 714 мың теңгеден асады екен. Яғни, ең төменгі жалақы алатын еңбеккер небәрі 1 шаршы метр құнына 10 ай жұмыс істейді.

Ең арзан деген Қызылордада (236 мың теңгеден асты), Ақтөбеде (288 мыңның үстінде) де баға шығандай бастады.

Статистикалық ведомствоның дерегіне, жана тұрғын үйлердің бағасы 0,3%-ға көтерілген. Бұл салада баға «көтерілісі» тек 4 өңірде – Көкшетау, Алматы, Ақтау мен Атырауда ғана тіркелді.

Салаға жауапты министрлік баспананың кымбаттауына негіз жок деген ұстанымда. Нарықта құрылыс материалдары бойынша тапшылық байқалмайды. Құрылыс қарқынды жоғары.

«Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі биыл бірден 12,6%-ға ұлғайды. 19 өңірде оң өсім тіркелді. Әсіресе, құрылыс-монтаждау жұмыстарының ең көп өсімі Маңғыстау, Жетісу, Абай және Батыс Қазақстан облыстарына тиесілі. Биылғы қантар-қыркүйекте Қазақстанда 11,7 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезінен салыстырғанда 11,6%-ға көп. Ең жоғары көрсеткіш Астана қаласында, сондай-ақ Ұлытау, Қызылорда және Абай облыстарында тіркелді», – деп атап өтті Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуаттыров.

Мысалы, Ұлытау облысында тұрғын үй салу көлемі өткен жылдан 56,7%-ға артқан. Астанада – 39,5%, Абай облысында – 28%, Қызылорда облысында 19,8%-ға жоғарылады.

Яғни, мемлекет өз мойнындағы басты бір міндетін – халықты

баспанамен камту мәселесін шешу үстінде. Бұл істің тоқырамағаны маңызды, себебі ел игілігіне тапсырылған тұрғын үй көлемі азаматтардың әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

ПӘТЕРЛЕР НЕГЕ ҚЫМБАТТАП БАРАДЫ?

Жылжымайтын мүлік агенттігінің менеджері, риэлтор, құрылыс саласының маманы Ұлан Досыбаев қайталама ғана емес, бастапқы нарықта да баспана бағасы көтерілгенін жеткізе келе бағаға серпін беріп отырған бірнеше факторды атады.

«Біріншісі – инфляция. Бұл көрсеткіш жөнінен Қазақстан әлемде алдыңғы орындарда екенін екінің бірі білмейді. Инфляция елімізде 2020 жылы 7,5%, 2021 жылы 8,4% болса, ал 2022 жылы 20,3%-ға дейін, екі еседен астамға ұлғайды. 2023 жылғы қазан айының өзінде 10,8% болып отыр. Президент инфляция көлемін екі есе: 20,3%-дан 10,1%-ға дейін төмендету туралы тапсырма берді. Биылғы жыл соңына дейін Үкіметтің оны орындауы неғайбіл. Тіпті, соған жеткенің өзінде қымбатшылық биыл құрықталмады. Құрылыс саласы сексен пайыздайға шетелден тасылтын импорттық өнімдерге тәуелді», – деді сарапшы.

Инфляция мен кымбатшылық салдарынан шаршы метрлер құны жыл сайын орта есеппен 10-15%-ға жоғарылап отырады.

Екіншіден, ел ішінде баспанаға деген сұраныс артты. Бұған да бірнеше фактор түрткі болды. Халық саны өсуде, жыл соңына дейін ел тұрғындарының саны 20 миллионға жетеді деп күтілуде. Сәби өмірге келсе, бұл әдетте отбасын кенірек пәтер алуға ынталандырады.

Сонымен қатар Ресейден, өзге елдерден Қазақстанға қоныс аударушылар саны күрт көбейді. Соның арқасында биыл республикамызда көші-қон саласында көп жылдан бері алғаш рет оң салдо тіркеліп отыр. Мысалы, қазақстандықтар ресейлік релоканттарға баспанасын кымбатырақ сатуға тырысады. Бұл статистикаға әсер етеді.

Үшіншіден, психологиялық фактор да түрткі болады: қазақстандықтар девальвацияны күтіп отыр. Шетелдік валюта кымбаттауға ден қойды. Жыл 1 доллар үшін

460 теңге бағамымен басталса, бүгінде 471 теңгеден асты. Сондықтан баспана сатушылар ұлттық валютаның құнсыздану тәуекелін қазірден бағаға қосып отыр.

Төртіншіден, Ұ.Досыбаевтың айтуынша, құрылыс және әрлеуші материалдар ары қарай қымбаттап жатыр, тоқтаған жоқ.

«Осының бәрі бастапқы және қайталама нарықтағы бағаны жоғары сүйрейді. Шынын айтуымыз керек, бүгінде, әсіресе Астана мен Алматыда жылжымайтын мүлік құнының арзандауына себепті байқап отырған жоқпыз. Елордада әр шаршы метрін 350 мың теңге шамасында сатып жатқан құрылыс компаниялары бар дедіміз. Бірақ ол үш және одан көп бөлмелі пәтерлерге арналған баға. Оларға сұраныс аз болғандықтан, әрі ұзақ өткізе алма-

талама нарықтағы пәтерлер сұранысқа ие. Бұл жерде клиенттер тарапынан «комфорт сыныптағы», жөндеуі жүргізілген, барлық инфрақұрылымы, орталықтан таратылған суы, кәріз жүйесі, жылуы мен жарығы бар баспана көп сұралады. Себебі өңір түгел Астана мен Алматының өзінде орталықтандырылған су мен жылу желілеріне пайдалануына берілген тұрғын үй кешендері баршылық.

Ал бизнес және эконом сыныптағы пәтерлерге сұраныс сонша үлкен емес көрінеді. Біріншілері – аса қымбат. Ал Отбасы банктің және мемлекеттің тұрғын үй бағдарламалары қысқартылғалы эконом сыныбындағы ортанқол пәтерлерге қатысты мәмілелер саны екі еседей кеміген.



ғандықтан баға демпингінге барады. Әйтпесе, оның бәрі компанияның активінде ұзақ тұрып, салықтық базаны ұлғайтады, шығын әкеледі. Бастапқы нарықта бір, екі бөлмелілер тез сатылып кетеді, табу қиын. Осыны пайдаланып та, қайта сатушылар дәл соларға бағаны көтере қояды», – деді риэлтор.

Сарапшылар елдегі инфляция ауыздықталса, тұрғын үй нарығындағы баға да түседі деген байлам жасады. Мысалы, жыл басында инфляция төмендеген еді, биылғы ақпаннан күзде дейін шаршы метрлер құны да біршама тұрақтанды. Күрт өсу енді тіркеліп отыр.

ҚАНДАЙ БАСПАНАҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылғы қантар-қыркүйек айларында елімізде жалпы саны 102 061 баспана қолданысқа берілген. Бұл шамамен жарты миллион тұрғынды баспанамен камтуға жетер еді. Әйткенмен, жаңа пәтердің көбі тұрақты мекендеуге емес, қайта сату немесе уақытша жалға беру мақсатында сатып алынуы мүмкін. Немесе тіпті әрлендіру, безендіру жұмыстары аяқталған соң өсігіне құлып салынып, жабық тұрады.

Мұның бәрін мамандар «инвестициялық жылжымайтын мүлік» деп атайды. Яғни, ол баспаналар байлықты сақтаудың, активтерді арттырудың құралына айналады.

Сарапшылардың айтуынша, мегаполистерімізде негізінен қай-



Қазақтың қасиетті топырағы билегіне алпауыт күш дарыған небір батырды да, ауызымен құс тістеген небір шешенді де, тіліне Тәңір түкірген небір ақынды да жаратты. Соның ішінде – алдаспандай айбынды, абадандай азулы Дәулет Тұрлыхановтың жөні бір бөлек. ХХ ғасырда қатарынан үш олимпиадада олжа салған – жалғыз қазақ спортшысы. Грек-рим күресінен қатарынан жеті рет КСРО чемпионы атағын қанжығасына байлаған балуанның он жылдан астам Кеңес Одағы сияқты алпауыт елдің құрамасында болуы да нағыз күрескер рухының көрінісі. Әлем чемпионы, бірнеше дүркін Еуропа чемпионы, екі мәрте Әлем кубогының жеңімпазы, Азия ойындарының чемпионы, үш дүркін Азия чемпионы болған жан спорт жайында да, елдік мәселелерде де үнсіз қалған тұсы жоқ. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Дәулет Болатұлымен бүгінгі әңгімеміз ұлттық құндылықтар төңірегінде өрбиді.



Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

СПОРТ пен САЯСАТТА БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

— Дәулет мырза, қазақ «Бір бала өкден өте туады, біреуі жете туады, біреуі кете туады» дейді. Сіз өзіңізді қалай бағалайсыз?

— Қазақ тектілікке бекер мән бермейді ғой! Тектілік те тек қуады. Өткен-кеткен тарихқа көз жүгіртсем, нағашыларым жағынан бір атам 1937 жылы Енбек Қызыл Туы орденін алып, құрметке бөленіп жатса, өз аталарымның бірі сол жылдары халық жауы болып айдалып кеткен екен. Екі адам — екі тағдыр. Екеуі де осал адамдар емес. Теренірек үнілсек, арғы аталарым да белді, беделді кісілер болған екен. Тұрлыхан атамның да әкесі кезінде Меккеге барып, қажа атанған. Мұндағы айтпағым — «алма ағашынан алысқа түспейді». Өкден өте тудық па, жете тудық па, ол жағын тап басып айта алмаймын. Бірақ әке-шешемізден озып кеттік, олардан асқан дәулетті болдық, олардан асқан танымал болдық деп есептеп, мастанып кеткен түгім жоқ. Егер де қандай да бір дәрежеге жетіп жатсақ, сол әкемің арқасы, солар берген тәлім-тәрбиенің жемісі деп білемін.

— «Алып — анадан» деген сөз бар. Анаңыз қандай адам еді?

— Анамыз сегіз ұл, екі қызды дүниеге әкеліп, он құрсақ көтерген, көпбалалы алтын құрсақты Ана. Ұзақ жыл орта мектепте физика-математика пәнінен ұстаздық ете жүріп, он баланы қатардан қалдырмай өсіріп, жетілдірді. Кенес заманында өмір сүрген барлық отбасынан біздің де әулеттің ешқандай айырмасы да, не артықшылығы болған жоқ. Адам есейіп, ес жиған сәтінде артына бір қарайтын кездері болады емес пе? Сондай кездерде туған ауылға, қара шаңыраққа барамын. Ол — қазіргі Абай облысы, бұрынғы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Таскескен ауылы. Онда барған сайын өзіміз тұрған шаңырақты көрген кезде таңғаламын. Аядай ғана, екі бөлме, асханасы, ұзын дәлізі бар үйде тұрған екенбіз. Сол үйелмелі-сүйелмелі кіл бала-шаға шағын екі бөлмеге кәлі сыйып тұрғанбыз деген ой келеді. Бірамыз жерге төселген көрпе-төсекке қатар-қатар жатып ұйықтайтынбыз. Қазір ол үйдің қабырғасына ескерткіш тақтайша ілінген. Анамыз елге еңбегі сіңген ұстаз болатын. Ұзақ жыл өмірін ұстаздыққа, балаларды білім-нәрімен сусындатуға жұмсаған жан. Үлкен жиын-тойларда ақ батасын беретін, ел алдында сыйы бар кісі болды. Өмірге бәріміз қонақ болғандықтан, біреуіміз ерте, біреуіміз кеш қайтып жатамыз. Анамыз 80 жастан өте өмірден озды. Анама өмірінің соңына дейін берген тәлім-тәрбиесіне, ұлағатты ұстанымына, парасаттылығына разы болдым.

— Өзіңіз де қазір үл өсіріп, әке атанған, немере тәрбиелеп отырған атасыз. Ұрпақ тәрбиесінде өкінетін жайыңыз бар ма?

— Адам баласы мінсіз болған ба?! Әрине, өкінетін сәттер болады. Дегенмен өткен күнді қайтып қайтара алмаймыз ғой?! Спорттың арқасында Кеңестер Одағының құрама командасына мүше болдым. Ол жерде тәртіп қатаң болды. Кішкене бір қателік жасасаң, бір

сөзбен айтқанда, құрамадан шеттетілесің. Гүлнар екеуіміз үйленген күннің ертесіне, тойдан кейін оқу-жаттықтарға шығып кеткенімнің өзі көп жағдайдан хабар беретіндей. Көбіне сыртта жүрміз. Спорттық жарыстарда жүрген кездерімізде сәбилі болып жатамыз. Оның бәрінде Гүлнәрдің жанынан табыла алмадым. Өйткені жарысқа дайындық күні-түні өтіп жатады. Ол кезде талап қатаң, аяғыңды шалыс баса алмайсың. Бір жылда он екі ай болса, соның сегіз-тоғыз айы сыртта жүрдің. Үлкен қызым Динара дүниеге келгенде де, екінші балам Данияр туғанда да мен оқу-жаттықтарда едім. Кейін аға жаттықтырушы болдым. Онда да жарыстарға спортшыларды жеке жібере алмайсың, өзің бастап алып барып, бас-көз болуын керек. Спортшы ретінде де, жаттықтырушы ретінде де көп уақытым сол салаға арналды. Қазір құдайға шүкір, ата болып, немере тәрбиелеп отырмыз. Балаларыма жеткізе алмаған уақытымды, бөле алмаған мейірімді немерелеріме арнап келемін. Уақытты кері қайтару мүмкін емес, уақыт талабы сондай болды. Біз олимпте жүрген мүлдем басқа кезең, басқа заман еді.

— Балуан да бір батыр. «Батыр — аңғал» дейді халқымыз. Ал саясатта аңғал болуға бола ма?


— Саясатта босаңсуға уақыт та болмайды. Спортта бозкілемге қалай дайындалып, жігерінді жанып шығасын, дәл сол секілді саясатта да салқынқанды болу керек. Саясат аңғалдықты, босаңсуды кешірмейді. Бұл ретте спорт пен саясат ұқсас деуге болады.

— Мәжіліс мінберінде жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты бірнеше өзекті мәселе көтердіңіз. Жастарға көңіл тола ма?

— Иә, қазір қарасам, ел ағасы жасында екенмін. Сегізінші шақырылымдағы Мәжіліс депутатымын, әрі сонда Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болып қызмет етіп жүрмін. Комитет биыл өте белсенді жұмыс істеп жатыр. Халықаралық сыртқы саясатқа қатысты, қорғаныс, қауіпсіздік саласына қатысты заң жобаларына атсалысып жатырмыз. Көптеген қабылдануы жатқан заң жобаларына өзіміздің ұсыныс-пікірлерімді қостым. Соның ішінде электронды темекі, вейптерге тыйым салу туралы мәселе де бар. Денсаулық сақтау министрлігі де оның зиян екенін жиі айтады. Вейптердің мектеп жасындағы балалардың арасында көптеп қолданылуы, кең етек алуы — қауіпті құбылыс. Мұның арты темекіге тәуелділікті тудырады. Бұл өнімді бірнеше елде сатуға тыйым салынған. Біз де тыйым салуымыз керек. Екіншіден, синтетикалық есірткілер де қоғамда өзекті мәселе тудырып отыр. Жуырда Үкіметтің қорытындысы келді. Біздің ұсыныстарымыз қолдау тауыпты. Енді осындай синтетикалық есірткіні сатып таратқандарға да, оны тұтынғандарға да қатаң жаза қолданылатын болады. Ата-аналардың көзімен қарайтын болсақ, баласы осы бір зиянды өнімді тұтынса, онда оны жоғалтқанмен тең. Себебі бұл зиянды өнімді тұтынған жанның жазылуы екіталай. Біржола тәуелді болып

қалады. Жас ұрпақты осындай зиянды әрекеттерден бүгін қорғасам, кейін кеш болуы мүмкін. Ертең оның салдары да ауыр болмақ. Біз ертеңгі болашақты бүгін қалыптастырамыз. Ертеңгі болашағымыз деп жастарды танымыз. Ал ол жастарымыз жасампаз, білімді, денсаулығы мықты болуы керек. Мен депутаттық мандатымда осы жастар тәрбиесіне аса көп көңіл бөлетінім содан. Осындай зиянды әрекеттерге наразы болып, белсенді бола бастағанымнан ба, соңғы кездері маған қарсы шабуылдар да көбейді. Соның ішінде ақпараттық шабуыл үдеп кетті. Оны өздеріңіз де естіп-білген боларсыздар. Мен тура-

лікті берілетін жарнамаларға да осындай идеологияны енгізуіміз керек. Тәрбие жұмыстарымен айналысуымыз керек. Мысалы, біз кезінде құрама команда кешкі сағат 21.30-дарда спортшылардың қолындағы телефондарын алып қоятын едік. Себебі ауыр жаттықулардан кейін спортшылар келесі күнге жаттықуларға күш жинап, ұйықтап демалып, дайын болуы керек. Әйтпесе, спортшылар түнімен телефон қарап, ұйқы режимін бұзып, келесі жаттықуға шаршап келеді. Әлеуметтік желілер адамдардың уақытын ұрлап жатыр. Мүмкін, осы әлеуметтік желілерді де дұрыс жағынан пайдаланатын тәрбие



— Кез келген мемлекет ұлттық құндылықтары арқылы ерекшеленеді. Сіз үшін қандай құндылық маңызды?

— Ұлттық құндылықтардың ауқымы кең. Оның ішіне бұрынғы ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүрлеріміз, тәлім-тәрбиенің мәдениетіміз, менталитетіміз, ұлттық қолымыз, отансүйгіштігіміз барлығы кіреді. Мен жуырда Сербия мемлекетінде болдым. Сонда бір таңғалғаным — ол елде отансүйгіштікке, ұлттық идеологияға қатты мән беретіні. Тіпті, жарнамаларында «Біз сербиялықтармыз, біз өз мемлекетіміз үшін жауаптымыз» деген жалынды ұрандар тұрады. Бізге осындай отансүйгіштікке, ұлттық сүреге баулитын идеология жетіспейді. Керек болса, күнде-

құралына айналдыруымыз керек шығар.

— Спорттағы жаттығу денені шындейді. Өмірге қалай жаттықтыңыз: алданған, арбалған тұсыңыз болды ма, қиындықтардан қалай шықтыңыз?

— Спортқа келер болсақ, кезінде Сеул олимпиадасында алты кездесу өткізсем, төртеуін таза жеңіп, финалға шықтым. Сол кезде мен қарсыласымнан бөлек төрешілердің де маған қарсы жұмыс істегенін білмедім. Ол кезде жас едік, аңғал едік. Геннадий есімді жаттықтырушыма: «Геннадий Андреевич, сіз маған неге төрешілердің де қарсы әрекет ететінін айтпағаныңыз?» деп ренжігенім бар. Сосын кейінірек 1992 жылы Барселонада олимпиадаға ТМД мемлекеттер арасында іріктеу жарыстары кезінде де сондай бір жағдай болды. Жарыс басталардан бір күн бұрын Қаратай Тұрысов ағамыз мені іздеп тауып алып: «Дәулет, ертең жарыстың ашылуы. Еліміздің Туын сен алып шығасың» деп ұсыныс білдірді. Мен сонда: «Аға, менде ертесіне салмақ өлшеу рәсімі болады, жеребе тартылмақ. Жарысқа дайындалуым керек» дегенімде, ағамыз: «Дәулет, сен қазақсың ғой. Туды сен алып шықпағанды, кім алып шығады?» деп намысымды жанып жіберді. Ақыры келісіп, Туды көтеріп шықтым. Ерекше бір сезім болды. Көңіл толқыды. Барселона ыстық, ста-

дион ылғалды, салқын. Ашылу салтанатынан соң түнгі сағат екі-үштерде олимпиада қалашығына келдік. Сосын қонақүйіме келіп, суға түсіп ұйықтап қалдым. Таңертең ерте тұрғызып, салмақ өлшеуге алып кетті. Сосын жеребе тартылып, қарсыласым поляк екені анықталды. Оның алдында жеңіп жүрген қарсыласымнан сол жартылай финалда жеңілдім. Екінші, үшінші орынға талас кезінде швед балуаныммен шығып жеңген сәтімде менде ешқандай қуаныш сезімі, көңіл күй болмады. Сол кезде біраз жұрт «Дәулет, сенің алтыңға деген үмітің әлсіреп қалатын болды» деп жанашырлық сөздерін айтты. Сосын олимпиаданың екінші орын алып қайтқанымда да ұш айдай ауырып, жатып қалдым. Уайымға баттым. Өз-өзіңнен «неге ұтылдым, қалай ұтылдым?» деп сұраумен болдым. Екі олимпиада да алтын алуға бір ғана қадам жетпей қалды. Екеуінде де 2.1 есебімен жеңілдім. Соның уайымы әлі күнге кетпейді. Қазір ерте жатып, ерте тұрамын. Өлет болып кеткен. Сол бір өкініштің себебінен болса керек. Кейін аға жаттықтырушы болды. Жарыстарға балаларды апару үшін қаражат болмай қалған кезде қаражатты өзіміз іздеп, демеушілер қарастырып, өз күшімізбен барып жүрген кездер де болды. Сол уақыттарда 5 әлем чемпионы, 1 олимпиада чемпионы, 20-дан астам Азия ойындарының чемпиондарын тәрбиеледім. Жоғары кеңеске сайландық. Өзім де әрі депутат болып, әрі аға жаттықтырушы болып жүріп, Азия чемпионы болдым. Жоғары кеңеске сайланған кезімде менде бір өкініш қалып кетті. Серікболсын Әбділдин ағамызбен сайлауға түсіп, мен жеңіске жеттім. Сонда жас болдық па, сол кезде дұрыс бағамдадық па, ағамызға: «Аға, бүз сіздің жолыңыз» деп жолымды беруім керек еді. Себебі ағамыз өте білімді, сауатты, көңігі саясаткер, мемлекет қайраткері болатын. Соған қазір қатты өкінемін.

Қиналған тұсым спортта жүргенде көп болған шығар. Бірақ оның бәріне қайта оралғым келмеді. Бір нәрсе ақиқат: мен мұның бәріне оңай жеткен жоқпын. Менің жеңісім мен сәттіліктерімің артында маңдай терім мен тынымсыз еңбегім жатыр.

— Қоғам дағдарыста тұрғандай: қалай жанарамыз, қандай қағида ұстанамыз, қайтсек мықты мемлекет құрамыз?

— Рас, 30 жылдық егемендік жылдарында бірқатар жұмыс атқарылды. Дегенмен атқарылмаған, атқарылуға тиіс жұмыстар да шаш етекпен. Қарап отырсақ, барлық салада кемшіліктер мен сын көтермейтін мәселелер бар. Маман тапшылығы, интернет желілерінің толық тартылмауы, жол сапасының төмендігі деген секілді әлі толық жүйеленбеген жұмыс өте көп. Қоғам қазір дағдарыс алдында тұр. Оған әлемдегі геосаяси жағдайлар мен халықаралық қатығыстардың да салқыны тиіпті. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бір қиындықтан алып шығарына көміл сенеміз. Себебі ол кісі қаншама жылдық тәжірибесі бар, сыртқы саясаттағы дипломаттық білімі бар кісі. Президентіміздің жыл сайын жолданатын Жолдаулары мен құрылтайларда, жиын-отырыстарда айтқан сөздері жерде қалмай, сөзден іске көшуіміз керек. Біз де соған өз үлесімізді аянбай қосуға лайынбыз. Мысалы, қазір еліміздегі ауылдың жағдайы көңіл қолпаштамайды. Ондағы жол сапасы мен интернет желісінің жетіспеуі де бүгін дәлел. Ауылдағы жастардың қалаға көшіп кетуі, ауылда тұрақтамауы — мұның бір айғағы. Біз осы ретте ауылдың жағдайын барынша жақсартуымыз керек. Бүгінде ауылда қарапайым жұмысшылардан бастап, мұғалім, дәрігер сияқты мамандар жетіспейді. Жастар жұмыстан кейін бір сәт көңіл серпілтетін ойынауық орталықтарын да ашуымыз керек. Спортқа көңіл бөлінуі керек. Айтпа берсек, шешімін табуға тиіс мәселелер жетерлік. Мұның барлығына жүйелі жұмыс пен елге деген ерен сүйіспеншілік, еңбеккерлік керек. Әрбір азамат елі үшін өз саласында аянбай, қажырлы еңбек етсе, алынбайтын асу, бағындырмайтын белес болмайды деп ойлаймын. Мұндай қиын кезеңде бірлігіміз де бекем болуы керек. Біз алмайтын қамал, бағындырмайтын белес жоқ. Бастысы, жастарымыздың бойындағы отансүйгіштік, елдік рух өшпесін деп тілейміз. Бүгінгі ұрпақ — ертеңгі келешек. Келешегіміз аман болсын, қайратты болсын, рухты болсын! Заман көңілі деп жатамыз, заманды емес, әрқайсысымыз өзімізді түзесек, дұрыс қоғам қалыптастыра аламыз. Ел аман, жұрт тыныш болсын деп тілейік!

— Уақытыңызды бөліп, салиқалы сұхбат бергеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

Сұхбаттасқан
Анарсы АҚЫЛМАН

ИНТЕРНЕТ БАР ЖҰРТТАР ИГЕРГЕН

Интернеті ең жылдам елдер



Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт» деп тапсырған. Осы мақсатта Үкімет «Қолжетімді интернет» жобасын бекітті. 3 мыңнан аса ауылда тиісті байланыс желілерін орнату жоспарланған ұлттық жобаның жүзеге асырылуы үшін 1,5 трлн теңге қаражат жұмсалмақ. Басты нәтиже – халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамту.

Кәмила ЕРКІН

Қала мен ауыл тұрғындары арасындағы «цифрлық алшақтық» азайту – кез келген мемлекет үшін маңызды міндет. Дамыған елдерде ғана емес дамушы елдер де ауылдық аймақтарында интернет желілерін енгізуге күш салады. International Communication Union қауымдастығының деректеріне сай, 2022 жылдың соңында дүниежүзі бойынша қала тұрғындарының 82 пайызы интернетке қол жеткізген. Ал ауылдық жерде бұл көрсеткіш 46 пайызбен шектеледі. «Цифрлық алшақтық» – 36 пайыз. Аз көрсеткіш емес әрине, дегенмен соңғы үш жылда едәуір төмендегенін аңғартады.

Әрине, экономикасы жағынан қай елден болсын алда келе жатқан Еуропа бұл салада да дамушы елдерді артта қалдырған. Қазір мұнда қала мен ауыл арасындағы алшақтық іс жүзінде жойылды. Қалған аймақтарда жағдай жақсара түскеннен, нашар. Мысалы, Африкада 2022 жылы қала тұрғындарының 64 пайызы, ауыл тұрғындарының 23 пайызы интернетті пайдаланды. ЭЫДҰ елдері арасында Корея, Люксембург, Дания, Испания, Бельгия және Польшада «цифрлық теңдік» орнаған әрі интернет қолжетімді деп айтуға толық негіз бар.

Осы параметрлер бойынша Қазақстанды дамыған елдермен салыстырсақ та қисынды. Өйткені біріншіден, үздіктермен тең болуға ұмтылудың әбестігі жоқ, екіншіден, еліміздің жоғары көрсеткіштері олармен бәсекелесуе мүмкіндік береді. Мәселен, Ranking сараптама орталығының мәліметтеріне сүйенсек, республиканың қалалық жерлерінде интернетке қолжетімділік – 94,7 пайыз, ауылдық жерлерінде – 94 пайыз. Сондай-ақ ауыл мен қала көрсеткіштерінің арасында алшақтық жоқ.

Жалпы, ауылдардағы интернеттің қолжетімділігі бойынша Қазақстан, ОАЖ және ЕАЭО елдерін айтығанда, көптеген дамыған елдердің өзін басып озады. Олардың арасында Бельгия, Польша, Германия, Жапония, Венгрия, Франция және басқалары бар.

Маңызды бір мәселе, рейтингте бізден жоғары тұрған елдердің территориясы Қазақстан аумағынан бірнеше есе аз. Сарапшылардың пікірінше, бұл интернетпен қамтамасыз етуді қиындатады. Әсіресе, ел неғұрлым үлкен болса, оны қамту үшін соғұрлым көп ресурс қажет. Мәселен, Қазақстан аумағы Кореядан 27 есе, Люксембургтен – 1 053, Даниядан – 63, Испаниядан – 5, Швейцариядан 66 есе асып түседі. Осындай елеулі айырмашылық және аймақтың ландшафттың алуан түрлілігіне қарамастан, еліміз бұл елдерден кем түспейді.

Сонымен қатар Қазақстанда халықтың 42 пайыздан астамы ауылдық жерде тұрады, ол да өз кезегінде «цифрлық теңсіздікке» әкеп соқтыратын негізгі фактор. Салыстырар болсақ, Кореяда ел азаматтарының тек 18,6 пайызы, Люксембургте – 8,6 пайызы, Данияда – 11,9 пайызы, Испанияда – 19,2 пайызы, Швейцарияда 26,1 пайызы ғана ауылдарда тұрады.

Түсінігіміздей, барлық жерде талшықты-оптикалық байланыс желілерін (ТОБЖ) орнату өте қымбатқа түседі, сондықтан радиорелейлі желілер (RRL) жиі пайдаланылады. Бірақ мамандардың айтуынша, байланыс мұнаралары бір-бірінен тікелей көрінетін жерде орналасуы тиіс. Қайта қабылдау бекеттерін орнатуы кейбір аудандарда жол және электр қуаты секілді инфрақұрылым да жоқ. Сондықтан мұндай елді мекендерде интернетке қол жеткізудің жалғыз амалы – жер серігі арқылы интернет тарату. Оның мүмкіндігі шектеулі. Соған қарамастан, онтайлы техникалық шешімдердің арқасында қазақстандықтар интернетті қалаларда да, ауылдарда да қолданады.

Digital Brighthouse 2023 форумында Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин ешқашан интернет болмаған 10 мектеп SpaceX ком-

паниясының Starlink технологиясы арқылы жылдамдығы 100 Мбит/с болатын ғаламторға қосылғанын айтқан. Президент жарты жыл ішінде Starlink технологиясы арқылы 2 000 мектепті интернетке қосуға рұқсат берді. Министр: «Бұл білім берудің цифрлық трансформацияға негіз береді. Өйткені интернетке қосылмаған мектептерде оқыту процесіне инновациялық технологияларды енгізу қиын» деген болатын. Шара аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев SpaceX компаниясының Starlink мәселелері жөніндегі вице-президенті Лорен Драйермен кездескен еді. Жүздесуде StarLink қызметін Қазақстандағы, оның ішінде еліміздің шалғай ауылдарын спутниктік интернетпен қамтамасыз ету жобасы аясында кеңейту жоспарлары талқыға түскен.

Ішкі нарық операторлары да мобильді немесе желілік тіркелген интернеттің қолжетімділігін арттыру жолында ауқымды бастамаларды жүзеге асырып та келеді. Мысалы, GSMA халықаралық ұйымы: «Мұндай жоғары көрсеткіш – ұялы байланыс операторлары мен үкіметтің нәтижелі жұмысының жемісі. Қазақстан Республикасында кең тараған ең тиімді жоба – «250+». Ол – цифрлық теңсіздікті жою бойынша мемлекет пен операторлардың тиімді жұмысының тамаша үлгісі» екенін атап өтті.

Айтса айтқандай-ақ, себебі аталмыш бағдарламаның арқасында Қазақстанның ең шалғай аумағында орналасқан 1,5 мыңнан астам елді мекен интернетке қол жеткізді. Олардың 900-інде бұрын мүлдем байланыс болмаған. Ал 2023 жылдың соңына дейін бағдарлама аясында 200-ден астам ауылдық елді мекендерге «кең жолақты мобильді қолжетімділікті» қосу жоспарланып отыр.

Британдық Cable агенттігінің зерттеулерінде интернет бағасы тұрғысынан Қазақстан 219 ел арасында екінші орынға ие болғаны көрсетілген. Баяндама түсіндірмесінде арзан баға интернет сапасына тікелей әсер етуі мүмкін деп жазылғанымен, еліміздегі ғаламтор сапасы көптеген дамушы мемлекеттермен салыстырғанда едәуір жоғары екендігі айтылады. Ел тұрғындары бұл жаңалықтың шындыққа жанаспайтынын жар салған болатын. Дегенмен халықаралық аренадағы фактілерді ешкім де жоққа шығара алмайды. Мұндай мәмілелер объективті емес, эмоционалдық реакция.

Сондықтан нарықтың барлық қатысушылары қызығушылық танытатын саланы одан әрі дамыту Үкімет, интернет-провайдерлер мен қоғам арасындағы тенгерімді тәсіл мен өзара іс-қимылды талап етеді. Әлбетте, елде бір жағынан саланы дамытуға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және инновацияларды ынталандыруға ықпал ететін, ал екінші жағынан, халықтың кең ауқымы үшін интернеттің қолжетімділігін сақтайтын саясатты жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Интернеттің көптеген азаматтар үшін қолжетімділігі және тарифтердің шектелген өсуі сонымен қатар іргелес нарықтары – банктік қызметтерді, саудадағы онлайн

қызметтерді және электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытудың шарты.

МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ ЖЫЛДАМ ДАМУДА

GSMA Intelligence мәліметтері бойынша, 2022 жылдың соңында абоненттің мобильді трафикті тұтынуы дүниежүзі бойынша орташа есеппен 12 ГБ құрайды. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш – 17,2 ГБ. Қазақстандықтар Сингапур, Түркия, Италия және көптеген басқа елдердің тұрғындарына қарағанда трафикті көп

шындыққа жету жолында» баяндамасының деректері бойынша, 2021 жылы елде 1 миллионнан астам адам фрилансер болып жұмыс істеген. Бұл – жалдамалы жұмысшылардың жалпы санының шамамен 17 пайызы. Демек, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және экономиканы цифрландыру қашықтан жұмыспен қамту нысандарының қарқынды өсуіне серпін береді деген қорытындыға келеміз.

2023 жылдың маусым айында Қазақстандағы тіркелген желілік интернет абоненттерінің саны (үй шаруашылығы) 2,8 миллион бірлікті құрады. Бұл – жалпы көрсеткіштің 46,5 пайызы. Осыдан 10 жыл бұрын, оның деңгейі 33,4 пайыз болатын. Сарапшылар, соңғы жылдары тіркелген желілік интернет абоненттерінің саны азайғанын айтуда. Оның себебі – халық мобильді интернеттің мүмкіндіктерін жиі тұтына бастауы. Соның әсерінен

саладардағы баға саясаты операторларды да айналып өтпейді. Мәселен, тек елдегі электр энергиясының құны 2022 жылдың 1-тоқсанынан 2023 жылдың 2-тоқсанына дейін 27 пайызға дерлік өскен. Салыстырар болсақ, «Мобайл Телеком-Сервис» мәліметі бойынша, бір базалық станция орташа есеппен 20 пәтерге қажетті электр энергиясын тұтынады. Яғни, желінің құны инфляция, энергиясы тарифтерінің өсуі, валюта бағамының ауытқуына байланысты жыл сайын өсіп отыр. Бір ғана инфляцияның бес жылдағы жалпы деңгейі 55 пайызға тен.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ «ҒАЖАЙЫПҚА» ЖОЛ

Колумбия университетінің профессоры Йонас Хёрт дамушы елдердегі ЖІӨ-нің өсуі интернеттің қолжетімділігімен байланысты деген пікірде. Мәселен, Африка мен Оңтүстік Азиядағы кірісі төмен елдерде жыл санап ғаламтор байланысы орнығып келеді. Қазір жер шары ең шалғай аудандарды интернетке қосатын күрделі суасты кабельдерімен тығыз торланған.

Теориялық тұрғыдан интернетке қол жеткізу сұраныс пен ұсынысқа әсер ету арқылы экономикалық дамуға негіз болу ықтималдығы бар. Цифрлық мүмкіндіктер фирмалардың, жұмысшылардың және өндіріс процесіндегі басқа ресурстардың өнімділігіне тікелей ықпал етеді. Мысалы, онлайн сервистер жұмысшыларға тапсырмаларды тезірек және жоғары сапа стандарттарына сәйкес орындауға көмектеседі.

Ғаламторға қосылуға мүмкіндік алған сатушылар мен сатып алушылар тысқары жатқан нарықтарға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Сондай-ақ сатылатын өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттың қолжетімділігі оның сапасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, электронды коммерция фирмаларға өз өнімдерін ауылдық және шалғай жерлердегі тұтынушыларына жеткізуге жағдай жасап отыр. Осы себептен де дамушы елдерде ауыз суы бермеген елді мекеннің ғаламторға қол жеткіп отырғаны таңсық емес.

Әлемдік тәжірибе интернет инфрақұрылымы келіген елдегі жұмысшылардың жоғары жалақы алу немесе жұмыс табу мүмкіндігі жиілейтін көрініс. Зерттеу барысында Вьетнам, Бразилия және Нигерияда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамыған тұста еңбек нарығында өйелдерге де жақсырақ жағдай жасалып, әлеуметтік мәселелері шешілгені анықталды. Сонымен қатар интернетке қосылу жұмыс өнімділігінің драйвері ғана емес, сонымен қатар дағдыларды дамытуда рөл атқарады.

КӨРШІДЕН КӨШ ІЛГЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫ

1994 жылдың 19 қыркүйегінде Internet Assigned Numbers Authority дерекорында елдің жоғары деңгейлі домендері тобына кіретін kz ұлттық доменіне қатысты бірінші жазба пайда болды. Алайда Қазнеттің негізін қалаушылардың бірі Александр Ляховтың айтуынша, шын мәнінде интернет Қазақстанға ертерек келген.

1991 жылы сәуірде Алматыдағы «Парасат» халықаралық ғылыми-техникалық орталығының базасында Қазақстанда Relcom желісінің бірінші аймақтық түйіні ашылды. Ол негізінен UUCP хаттамасы бойынша электрондық пошта қызметтері ұсынылатын. Аз уақыт ішінде желі Қазақстанның ірі қалалары мен оның шекарасынан тыс – Ашхабад пен Бішкекке дейін таралды.

«1991 жыл КСРО-да интернеттің пайдаланылуы болып саналады. Алғашында бүкіл Одақ үшін бірыңғай su домені болды. Кейіннен 1994 жылы сәуірде ru, ал қыркүйекте kz домені іске қосылды. Интернет Қазақстанда Павел Гусев пен семейлік Relcom SL компаниясының, ресейлік «Relcom» АҚ провайдерімен бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында жұмыс бастады. Бастапқыда Қазнеттің негізін қалаушылар Семей облысындағы ядролық полигон мен Мәскеу арасындағы орнатылған байланыс желілерін пайдаланды. Әрине, ол кезде бізде «www» туралы әңгіме де болған жоқ», – дейді Александр Ляхов өз естеліктерінде.

1996 жылы Astel бүкіл елді байланыстыратын Интернет хабы мен деректер желісін құрды. Бұл бүкіл Қазақстан бойынша Интернет қызметтеріне қол жеткізудің алғашқы провайдері еді. Сол жылдары Қазнет бәрі бірдей түсіне бермейтін энтузиастардың күшімен дамыды.

1998 жылы ADSL технологиясын қолданатын Қазақстандағы алғашқы деректерді беру желісі іске қосылды. Желінің құрылысы мен дамуына салынған инвестицияны бастапқы кезеңі ғана шамамен 8 миллион АҚШ долларын құрады. Осылайша, Қазақстанның 18 қаласында цифрлық жерусті байланысының жалпы сыйымдылығы бар 34 нүктесін орналастыруға мүмкіндік берді. Салыстырар болсақ, бірінші ресейлік ADSL желілері Тоска.ru және Web Plus 2000 жылдың мамыр айында коммерциялық пайдалануға берілді.

Бүгінде нарық қатысушылары Қазнеттің болашағы туралы айта келе, Қазақстанда Қытайдан, Ресейден және Еуропадан интернет-компанияларды тарту үшін барлық жағдай бар екенін жоққа шығармайды. Тек сол әлеуетті тиімді пайдалану – басты міндет. Үкімет бекіткен ұлттық жоба да сол себепті халық арасында көбірек үміт ұялатады.

ИНТЕРНЕТ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

1991 Ж. – «ПАРАСАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА АЛҒАШҚЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНАТЫН RELCOM ЖЕЛІСІ АШЫЛДЫ.

1996 Ж. – БҮКІЛ ЕЛ БОЙЫНША ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТӨЛІК ПАКЕТІН (WWW, FTP, E-MAIL, T.B.) ҰСЫНАТЫН ASTEL ЖЕЛІСІ ҚҰРЫЛДЫ.

1998 Ж. – ADSL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНАТЫН ҚАЗАҚСТАН ОПЛІНЕ АЛҒАШҚЫ ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.

1999 Ж. – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІң «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЕСЕПТІК ТELEKOMМУНИКАЦИЯЛАР ТРАФИГІ ОРТАЛЫҒЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ.

2001 Ж. – ИНТЕРНЕТ САЙТТАРЫНА БАҚ МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛДІ.

2009 Ж. – АЛМАТЫДА КАРНЕГИ МЕЛЛОН УНИВЕРСИТЕТІМЕН БІРЛЕСІП ҚҰРЫЛҒАН MIIT (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР УНИВЕРСИТЕТІ) АШЫЛДЫ.

2011 Ж. – АЛМАТЫДА ҚАЗАҚТІЛДІ БЛОГЕРЛЕРДІҢ БІРІНШІ «ВОВСАПР КУРҰЛТАЙ» СЪЕЗІ ӨТТИ.

2012 Ж. – АЛҒАШ RPT 4G ТЕХНОЛОГИЯСЫ ӨНДІ.


жұмсайды. Тіпті, 5G енгізуді есепке алмаған күнде елдегі мобильді трафик 2019 жылдан бері 60 пайызға өсіп, бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді. 2022 жылы ұялы байланыс операторының абоненттері 4 398 петабайт ұялы деректерді тұтыған. Ал 2023 жылдың 6 айында – 2 513 петабайт.

Байланыс операторлары Интернетті пайдаланудың мұндай жоғары деңгейі және трафиктің тұрақты өсу динамикасы ел мен қоғам үшін оң прогрестің теңденісіне көрсетеді деген пікірде. Қызметтердің қолжетімділігі және жұмыс істеу, оқу және онлайн байланыс орнату мүмкіндігі – елдің даму процесінің көрінісі. Мұны халықты жұмыспен қамту құрылымының статистикасы да растайды. «Қазақстанның еңбек нарығы: цифрлық

тейтін тұрғын үй кешендері де кездеседі. Сонымен қатар тіркелген интернет желілерін жүргізуге кеткен инвестициялар көпқабатты үйлердің аудандарында ғана тиімді. Сондықтан елді мекендер мен ауылдық жерлерде белсенділік төмен.

Дегенмен мобильді интернеттің дамуына ұялы байланыс операторларына салынған инвестиция көлемі де айтарлықтай әсер етуде. Мысалы, Tele2/Altel операторлары 2020–2023 жылдары 206 млрд теңгеге жуық инвестиция салған. Орташа есеппен операторлар желінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін жыл сайын 70 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсайды. Оған жалға алу, тасымалдау, жөндеу және электр энергиясы және т.б. шығындар жатады. Аталған

Ғасырмен біртуар, сөйтіп ғасырлап жасар құбылыс елең еткізуді өз алдына, толайым толғанысқа бөлейді. Халқымыздың әр буын, бар буын ұрпағымен соны қырымен жаңара, жарқырай табысып, бірге жасаса береді. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – қазақ әдебиетіндегі сондай ірі құбылыстың бірі.



Жиырмасыншы ғасыр басында қысқа жасап, құйрықты жұлдыздай ағып өткен акын жайлы, оның қысқа ғұмыры, қызықты әдеби мұрасы жайлы әдебиетімізде аз айтылмаған секілді. Керек десеніз, айтылған сөз, жазылған зерттеу акын артына қалдырған екі том мұрадан көлем жағынан әлдеқашан асып кеткен. Соған қарамастан, Сұлтанмахмұт жайлы, қазақ әдебиетшілері әлі де талай оралып, жаңа талап биігінен келіп, жаңын жебелей талай ойлар айтуға тиіс те. Өйткені қазақ халқының рухани дүниесінде құбылысқа айналған акын мұрасы бізден соны талап етеді. Елеусіз нәрселердің өзі уақыт өткен сайын елеуліге айналып, жұртшылық назарын аудара береді, аудара береді.

Одан небәрі үш фотосурет қана сақталып жетті. Жалындап өткен қысқа ғұмырда сәнденіп киініп, қызық қуып суретке түсуге уақыт та таппаған, ең бастысы – мұрат тұтпаған болуға тиісті. Әйтеуір, жиырма жеті жылдық ғұмыр ескерткіші болып үш сурет (жансыз бейне) сақталыпты. Үшеуінде де өр, ойлы кескінде бейнеленіпті акын. Бұл, әрине сырт пішіні. Акынның ішкі жан дүниесін суретке түсіру мүмкін емесі белгілі. Ол – фотографтың тағдырына жазылмаған. Қолынан келмейді. Ол акынның өз қолынан келіпті. Аз ғұмырында жазған, арнасынан асыптасып жататын шабытты, өртке тиген дауылдай лапылдаған, мінезге бай, мазмұнға сақы, өткір, ойшыл сипатты өлеңдер акын жан дүниесінің ішкі иірімдері ғой.

Сезімнің сыртқа шықпас түрі бар ма? Оны жасырар адамның күші бар ма? Біреу күйі, біреу пішіні, біреу сөзбен Көрсетпейтін жүректің іші бар ма? –

деп өзі айтқандай, акын «жүректің ішін» поэзия құдыретімен сыртқа шығарады. Өлеңдегі сан алуан мінез арқылы халқына ашады, жұртына жасырмай жайып салады.



Сұлтанмахмұт Торайғырұлы акынның лирикалары әлі терең талданып жетпеген. Жыл-жылға, кезең-кезеңге бөлу, тақырыптық, идеялық талдау – табиғатын шын асыл поэзияның бүлкілдеп соғып тұрған жүрегін түгел ашып көрсете алмайды. Орыс поэзиясында өзгеше құбылысқа балағатын А.Блок, В.Маяковский, С.Есениндердің мұрасын лирикалық герой табиғаты арқылы жанаша тану процесі жүргелі біршама уақыт болды. Қазір орыс ғалымдары «системалық анализге» көше бастады. Бұл бізге де керек.

Сұлтанмахмұттың лирикалық геройы ауылдан «шығамын тірі болсам адам болып» деп армандай аттанады. Тәрбиелі, жетелі оқу орындарынан «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам!» деп оралады. Бұл аз десеніз, «Мұздаған елдің жүрегін, жылытуға мен кіремін!» – деп өршіл мінез танытады. Өзінің жеке бас мақсатын – халық тілегімен егіз ұшастағырып, ел тілегіне орай ірі ойға ұмтылады. Сұлтанмахмұтпен бірге оқыған шәкірттің бәрі бірдей акын болған жоқ. Ақындығы өз алдына Сұлтанмахмұттың лирикалық геройымен де бәрі бірдей мұраттас бола алмаған. Өйту үшін де ірі табиғат ке-

Алғашқы кезең өлеңдеріндегі қарапайым мінез келе-келе күрделене түседі. Жол басындағы бала поэзия бояуы барған сайын қоюлана береді. Лирикалық герой – акын талантының жемісі. Акынның талант нәрі, білім өресі, ізденіс өрісі – лирикалық геройды да соқталандыра түсері анық. Зерттеушілер әлі күнге Сұлтанмахмұт «оны оқыған», «мұны оқыған жоқ» десіп жүр. Ізденіс өрісін аңғарту үшін бала шағындағы мына бір өлеңнің алға тартайықшы:

*Тұрмыс, тағдыр бірі де
Бұл мақсаттан бұра алмас.
Қаһарман Рүстем, Әлі де
Бұрам деп жолда тұра алмас.*

Қаһарман Рүстем, Әлилер ойынды көне шығыс әдебиетіне жетелей жөнеледі. Ол діни кітаптармен бірге шығыстың жеті жұлдызы шығармаларымен де бала шақтан сусындағандай ғой. Қазақ сахарасына көне шығыс әдебиетінің балкайымағы қалай келеді? Адам Меңтің «Мұсылмандық Ренессанс» атты еңбегі, академик Н.Конрад болжамдары біздің пікірімізге тиянақ бола алады. Нәзира, аударма т.б. жолдардың баршасымен еркін келе береді.

Әйтпесе: «Адам – құл өзін жеңіп ұстамаған» Деген бір Сократтың бар нақылы – деген жолдарға зер салайық. Жаңа ғасыр көгіне тіршілік кешкен қазақ акын-жазушылары ішінде Шығыс философиясына баратындар кездеседі. Тіпті, олармен (Шығыс философияларымен) пікір жарыстырғандар да болған. Бірақ олар Шығыста (не Батыста) мынадай философия болған деп таныстырып алар еді. Ал

Әйтпесе: «Адам – құл өзін жеңіп ұстамаған» Деген бір Сократтың бар нақылы – деген жолдарға зер салайық. Жаңа ғасыр көгіне тіршілік кешкен қазақ акын-жазушылары ішінде Шығыс философиясына баратындар кездеседі. Тіпті, олармен (Шығыс философияларымен) пікір жарыстырғандар да болған. Бірақ олар Шығыста (не Батыста) мынадай философия болған деп таныстырып алар еді. Ал

Сұлтанмахмұт Сократты қалыпты, ергеден етене құбылыстай қарайды. Осылардан кейін ой түйсек, Абай данышпандығының бір көзі болған Шығыс әдебиеті мен философиясы Сұлтанмахмұт талантының да гүлдей ашылуына ықпал еткен бір фактор деп қарауға тура келеді. Енді оның Батыс әдебиетінен, орыс әдебиетінен ғажайып таланттарынан қалай үйренгені туралы айттайық. Сұлтанмахмұт бір өлеңінде «Ет жейтін ауыз құрмай, әділдік орнамасына көзім жетті», – дейді. «Ет жейтін ауыз құрмай» – бүтінді бөлшегімен айту, жалпыны жалқы детальмен жеткізу. Ақындық тақырыптық. Осы жаналықтың тегінде Л. Толстойдың наным-сенімі, ұстанған көзқарасының ықпалы жатқан жоқ па? Толстой ықпалы? Иә, оған тан қалуға болмайды. Қазақ жазушыларының Л. Толстоймен байланысы – күні ертең тарих ашатын факті. Ұлы орыс жазушысы қазақ даласынан өз үйінде сый да қабылдаса керек. Сондай-ақ «Адасқан өмір» поэмасындағы: *Жер суын, жердің үсті мұзға айналып, Күн сөнпін, жерге жарық тимегенде, Мен не түрде жүремін, жасап берші, Жер поэзия, быт-шыт болып күрегенде?* –

деген шумағы да Лев Толстойдың Күнне мадақ сөзінен туындап жатқан ой емес пе? Біздіңше солай! Қазақ ақынының:

Бақыт – құс ұшып жүрген қолға түспес, Билеуге оны ешкімнің күші жетпес. Қолыңа құдай айдап бір қондырса, Барам деп мен анаған ұшып кетпес... – деген өлеңі орыс жұртшылығы Пушкиннен кейінгі данышпан ақынымыз деп қадірлейтін Александр Блоктың «Гамаюоны» еске түсіреді. Торайғырұлы мұрасын зерттеуді өмірлік қызығына айналдырған профессор Бейсембай Кенжебайұлы «Ғайса кім?» өлеңін Блоктың «Двенадцать» поэмасымен өте орынды салыстырады. Акынның қай өлеңін алсақ та бүтін бітім, өзіндік сом-сом ойға кездесеміз. Әйтсе де, дарынның кемелденіп, толысуыныңайғағындай «Адасқан өмір», «Кім жазықты?» секілді шығармалары айрықша жеміс дерлік. «Кім жазықты?» – уақыт тынысын жете пайымдаған тақырып. Тақырып Герценнің «Кто виноват?»-ына бастап тұрғаны анық. «Келер поэмасына» жазылған мына орысша сөзбасына қараңыз: **«Все, что существует в мире, есть результат известных действий, условий и среды. Человек может творить эти условия, что и отличает его от животных. На этом основано все, что изобретено человеческим**

айрықша үйренген ақындар, біздіңше, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Жұбан Молдағалиев. Қасымның «Дарига», «Өзім туралы», Мұқағалидың «Жан асыз», Жұбанның «Мен – қазақпын» секілді шығармалары – Сұлтанмахмұттан тікелей шығармашылық үйреніс жемістері. Аталған шығармалар – қазақ поэзиясының инжу-маржаны қатарына қосуға боларлық аса үздік туындылар екені және шындық. Осыдан ой түйсек, Сұлтанмахмұт өзі құбылысқа айналудан бірге, келешек өмір, өнер құбылысына да ықпал етуші ерен рухани күш.

Сұлтанмахмұт – өз өмірінің, жеке бас тіршілігінің рақатын халық бақытына айналдырған, өзінің қысқа ғұмырын халық жолына жұмсаған акын. Әйтпесе, отызға жетпеген жасында:

Жасамаймын «Еңбектің, Жемісін көзбен көрем», – деп, Жасаймын «бір қолқабыс, Кейінгіге берем», – деп, айтар ма еді?!

Енді бір өлеңінде: *«Менің досым әлі алыста...»* – деп өз мұрасының тағдырын ишаралайды. Кейінгі ұрпаққа сенім көзін қадайды. Осы ойын: *Елімнің мен шын ұлы екеніме Тағдырдың өзі берер куәлікті, –* деп екінші өлеңінде тиянақтай түседі.

мом. Отсюда цель моего произведения может быть, пожалуй, ясна. 1919 год. Сұлтанмахмұт»

Қаз-қалпында келтіріп отырған сөзбасы «Адасқан өмір», «Келер» поэмаларының кілті іспетті, идеялық қазығы дерлік. Зерттеушілердің бұл шығармаларға айрықша зер салуы тегін емес, бір рет, бір демде ақ қағазға төгіліп түсе қалған поэмалар – Сұлтанмахмұттың шырқап шыққан биігі. Бұл шығармалар Сұлтанмахмұтты өзінің тұстасы, «Гамаюн» атанған А.Блокпен рухани туыстырады.

Ойласам дүниеде қанша жан бар: Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар, Жанды, жансыз нәрсенің бәрі-дағы Әр себептің жемісі байқасаңдар, – секілді философиялық үлкен өреге акын ақылды Шығыс поэзиясы мен тұстас орыс әдебиетінің тегеурінді философиясынан үйрене отырып жеткені анық. Міне, осындай, үйреніс көздерінен, қайнарбұлақтан нәрленген таланттың лирикалық геройы, оның қадір-қасиеті, назы мен базы бәрі де қаптарлы терең жатуы – табиғи.

Ақындық шеберлік жайлы аз сөз. Сұлтанмахмұт поэзиясында сөзге зер сала, ана тілі байлығын ұштай қолданады. Қазақ «бір тұтам» десе, сол ұғымды акын жанаалап «Секілді өмір қысқа **жарты тұтам**», – деп қолданады. «Қазаққа басшымыз дер **шляпалар**» да осы іспетті саналы ізденіс жемісі. *Ақ сауле, күміс жүзді, құндыз қабақ,*

Тарихқа жүгінсек, таланты ерек, табиғаты бөлек құбылыстар толассыз зерттеледі. Әр алуан өнер арқауына өзек болады. Сеніміне орай, қазақ халқы ұлы ақының есіміне, әдеби мұрасына иелік етіп отыр. Оның өмірінен роман жазылды, шығармасынан опера туды. «Правда» газеті қырықшы жылдардың өзінде «Зор ақылды, талантты, өмірбаяны өте қызық, тамаша жазушы» (171/8217/ саны. 21.VI.1940 жыл) деп бағалаған еді. Ақын мұрасы осы бағалауға лайық зерттеліп те келеді. Зерттеу дегенде, қыран жүрек ғалым, сұлтанмахмұттандың негізін салушы профессор Бейсембай Кенжебайұлының Кеңес қоғамының қырын қабағына қарамай, ағынға қарсы жүріп, түрлі ағымдармен күресе жүріп, ұлы ақынның азаматтық басын да, ақындық ақыл әдеби мұрасын да арашалап аман алып қалғанын қадап айтуымыз керек.

Қыран ғұмырлы акын мұрасының кең танылып, терең ыждағатталғаны үшін қазақ халқы бір адамға, сол ғалымға, әсіресе қарыздар деп білеміз. Ол – Сұлтанмахмұт мұрасын зерттеуге жарты ғұмырын жұмсаған айтулы ғалым, табанды зерттеуші, профессор Бейсембай Кенжебайұлы!

Қазір С.Торайғырұлы және оның мұрасы 20-30 жылдардағы ұлтшыл, 40-50 жылдардағы клерикалық-буржуазиялық, 60-жылдардағы адасты, Алашордаға қызмет еткен деген қаңқу сөз, қате бағалаулардың бәрінен тазарған. Қазір



Қазір С.Торайғырұлы және оның мұрасы 20-30 жылдардағы ұлтшыл, 40-50 жылдардағы клерикалық-буржуазиялық, 60-жылдардағы адасты, Алашордаға қызмет еткен деген қаңқу сөз, қате бағалаулардың бәрінен тазарған.

Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ. Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын, Қасың-ай, шашың – жібек, мамық тамақ.

Аздаған статикалық қалып бар демесек, өлең – образдылық, көркемдіктің бір үлгісі. Үзінділермен шектелдік. Мұндай сонылық, жаналықты қолданыстар ақында молынан кездеседі. Фактілер – ақынның қазақ сөзінің тұтынушысы ғана емес, қайраткер қамқоршысы болғанына дәлел. Публицистикалық мақалаларындағы тілді таза сақтау жайлы ойлары да осы пікірімізді нықтай түседі. Құбылысқа айналар ұлы дарындар шығармашылығы, ұлт әдебиетінде дәстүр түзуге тиісті. Қазақ поэзиясында Сұлтанмахмұттан үйренбеген акын аз шығар-ау. Әсіресе,

«С.Торайғыров – Абайдан кейінгі ұлы ақынымыз» – деген профессор Бейсембай Кенжебайұлы концепциясы орын тепті. Ұлы акын – қазір халқының құшағында! (Ақын мұрасының зерттелуді, бұл – өз алдына дербес әңгіме еншісі дерлік басы ашық, арнайы әңгіме!)

Мәңгілікпен салыстырғанда қасқағымға келмес қысқа ғана ғұмыр кешкен, оны ұлтының ұлы мұратына, жарқын болашағына бағыштаған акын сан жасыр жежесіне кетер, сансыз буын ұрпағына жетер мәңгілік мұра қалдырды. Өзі де халқының әрдайым айта жүрер, әрдайым арқасүйер мәңгілік құбылысына, рухани игілігіне айналды.

Ол – құбылыс!

Құлбек ЕРҒӨБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор

(Басы 1-бетте)

Анар ҚОНЫС

Жол алыс, интернет желісіне қосылу мүмкін емес. Қаладан ұзаған соң-ақ телефон желісі үзіліп қалды. Шоппыр сасқанынан бір-екі танысына хабарласып, жол сұрап еді, олар да білмейтін болып шықты. Ақырында көлікті жіберген түрме қызметкеріне хабарласуға тура келді. Онымыз да сәтті болмады. Айнала жазық дала. Жан баласы көрінбейді. Жол ортала жанар-жағармай бекеті кездесті. Екі жігіт көлігімен аялдап тұр екен. Шоппыр көлікті тоқтата сала, секіріп түсіп, оларға жылжыды. Сөйтіп, біреуі кол сермеп, жолды бағыттағандай болды. «Жітіқара» төбесін бетке алып, ақырын жылжыта бердік. Ал бізді мекеме алдында бір топ түрме қызметкерлері күтіп алды.

189 ҚЫЛМЫСКЕР –
ӨМІРЛІК ЖАЗАҒА КЕСІЛГЕНДЕР

Шынын айтқанда, бұл мекемеге кездейсоқ қонақтар келе бермейді. Мұнда жиі келетін — тек қызметтік көлік қана. Оның өзі қызметкерлерді таңғы сағат 7-де әкеліп, кешкі 7-де үй-үйге жеткізіп салады. Өзге көліктің ізі де бұл жолға түсе бермейді. Оның үстіне, маньяк, кісі өлтіргендер, адам жегіштер, педофилдердің де соңғы тұрақтайтын жері — «Қара бүркіт». Осындай мекеменің түзде болғаны да дұрыс шығар. Мысалы, қыздардың етінен тұшпара жасап жеген алматылық канибалдар Михаил Вершинин, Евгений Турочкин, алматылық атқыш Руслан Күлекбаев осында қамалған. Бірақ 2020 жылдың 24 қыркүйегінде Қазақстанда өлім жазасына мораторий жарияланып, олардың жазасы өмір бойы бас бостандығынан айырумен ауыстырылған. Кейін өлім жазасы қылмыстық кезектен тұтас алып тасталынды.

«Қара бүркіт» түрмесінің басшысы Дархан Нүрекешовтің айтуынша, мекеме әуелде 930 адамға арналған, жалпы режимдегі еңбекпен түзеу колониясы (ИТК-21) ретінде тұрғызылған. Кейін 2004 жылдың мамыр айының 21-інен бастап колония арнайы режимге ауыстырылды. Сөйтіп, өмір бойы жазаланғандардың алғашқы легі осында түсе бастаған.

— Қазір бізде сотталғанның саны 248-ге жетті. Оның 189-ы — өмірлік жазаға кесілгендер. Қалған 59-ы — өз жазасын шаруашылық қызметте өтеп жүргендер. Президенттің тапсырмасына сай мораторий жарияланып, өлім жазасы мүлдем жойылған болатын. Нәтижесінде, өмір бойына жазаланғандар мекеніне айналды. Мұнда ең жас қылмыскер 1997 жылғы болса, үлкені — 1949 жылғы. Соның ішінде өз қылмысын мойындамағандар да бар, — дейді Дархан Нүрекешов.

Мекеме басшысының айтуынша, «Қара бүркіт» түрмесіне жылына 15-20 адамдай түсіп отырады. Оның бәрі — асқан қатыгездікпен қылмыс жасағандар. «Қазір көбіне Қылмыстық кодекстің 121-бабы «сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеті», яғни педофилия ісі және 99 бап адам өлтіру бойынша түсіп жатыр. Ал терроризм мүлдем жоқ, ең соңғысы — Ақтөбелегі жағдай ғана» деген мекеме басшысы соңғы кезде педофилизмнің белең алғанын сөз етті.

— Соңғы 5 жылда өмірлік жазаға кесілгендері арасында педофилия көбейген. Өйткені бүгінде түрмеге түскен қылмыскердің көбісі осы үшін жазасын өтеп жатыр. Мұндай қылмысқа не үшін, неге баратынын түсіне алмаймыз. Психикалық ауытқушылық бар десек те, арасында өз қылмысын мойындамайтыны да жетіп артылады. Бірі — мастықтың кесірі десе, екіншісі — дүние-мүлікті өзіне алып қалу мақсатында жала жапты дейді. Кімнің айыпты, айыпты емес екенін біз тергемейміз. Біз тек шығарылған үкімді орындаймыз. Мысалы, Түркістандағы көршісінің 5 жасар қызын зорлаған педофил мен өзінің үш баласын саналы түрде балталап шауып өлтіріп, оны бейнежазбаға түсірген ақтаулық қылмыскер жақында бізге әкелінді. Осындай жантүршігерлік қылмыс жасаған қылмыскердің бойында қатыгездік болмауы мүмкін емес. Әрине, заң бойынша терроризм мен педофилизмге шартты түрде мерзімінен бұрын босату қарастырылмаған. Дегенмен заңдық тұрғыда олардың құқығын теңестіру арқылы бүгінде қылмыскерлердің өз ішінде педофилия ұрлықшыдан кәдірсіз саналмайтын болған, — дейді «Қара бүркіт» түрмесінің басшысы Дархан Нүрекешов.

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ
КҮН ТӘРТІБІ

Жоғарыда айтқанымыздай, колонияда кездейсоқ қонақтар бола бермейді. Тек қызмет бабымен не болмаса сотталушылармен кездесуге келгендерді кездестіре аласыз. Онда да бір өңірне тексеруден өтеді.

Мекемеде бірден үш бөлімше қызмет атқаратынын байқау мүмкін емес. Колонияның аумағын Ұлттық ұланғыз жауынгерлері күзетеді, олар тұтқындарды қарауылдап, алып жүреді. Ал мекеме ішінде тек келісімшартта істейтін тәжірибелі әскерилер қызмет етеді. Сырттағы қарауылға жедел қызмет сарбаздары жауап береді. Түрмедегі жедел және тәрбие жұмысы Қылмыстық-атқару жүйесі офицерлерінің мойнында екен. Сонымен қатар екі бөлім де бір-біріне бағынбайды.

— Түрмеде барлығы 400-дей адам жұмыс істейді. Әркімнің өзіне жүктелген қызметі бар. Атап айтсақ, оның ішінде психолог, жасак бастығы, күн тәртібін бақылаушы, тыйым салынған заттардың кіріп кетпеуін қадағалайтын қызметке дейін бар. Тіпті, Ұлттық ұлан жасағының ең үлкен бөлімшесі — осында. Білуімше, 900-дей сарбаз, — дейді тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Аманжол Ахметов.

Бірнеше күзеттен өткен соң алдымыздағы үш корпусының жанасана бет алдық. Есікті ашып, бізді қабылдаған күзет камера жаққа өткізді. Үш жігіттің бірі итпен жүр. Қызметкерлердің айтуынша, әлгі ит күзеттегілерге шабуылдамайды. Камерадан қылмыскер шығарда күзет түрлі иттің өзі бойын тіктеп, сақтықпен қарап, көзін алмайды. Ал камера есігін ашпаса бұрын күзеттегілер «Қолдарыңды көтеріңдер!»,

«Алаканды сыртқа қаратыңдар!», «Сапқа тұрыңдар!» деп айқай салады. Дәл камера есігінің жанында матамен қапталған қоржын ілулі тұр. Қызметкердің айтуынша, оның ішінде сақал-мұртты қыруға арналған құралдар салынған. Әрбір қылмыскер қырынар кезінде сұрап алады екен.

Камераның есігі ашылып, ішіне енгенде тағы да темірторға тірелесіз. Іштегі қылмыскерлер қолдарын көкке көтеріп, алаканын сыртқа қаратып, сапта тұрғанын байқайсыз. Оларға еркін жүріп-туруына рұқсат берілмегенге дейін сол қалпын сақтайды.

Аманжол Ахметовтің айтуынша, сотталушылар «Қара бүркітке» түскенде ең алдымен оларды медициналық-санитарлық бөлім қарайды. Дәрі-дәрмекпен қамтылған бөлімшеде сотталғандарға ғана емес, қызметкерлерге де алғашқы көмек бере алады. Сотталғандар толығымен медициналық тексеруден өткізіліп, жуынып-тазаланады. Артынан психологтер олармен түсіндіру жұмысын жүргізеді.

барған күні 2 күндік кездесуге ридерлік ана баласын іздеп келіпті. Бізді көргеннен бірден суретке түсуден бас тартты. Бөлмеде теледидарға дейін қосылған. Ал дастарқан басында ананың өзімен көтеріп әкелген тамағы тұр. Жақында ғана В.Челах та осындай кездесуде болыпты. Бірақ ол БАҚ-пен кездесіп, сұрақтарына жауап беруден бас тартқан екен.

Аманжол Ахметовтің айтуынша, қылмыскерлердің бұл кездесуі де психологтің лайындығы арқылы өтеді. Жақындарымен жүздескеннің ең алғашқы легі — түрмеге 2004 жылы түскендер. Мысалы, қылмыстық топ құрғаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айырылған Х. есімді азамат анасын 25 кейін жылдан кейін көріпті.

— Ұзақмерзімді кездесуді ауыр қылмыспен алғашқы жылдары түскендерден бастады. Ата-аналар балаларымен кездескенге сенбеді. Олар бұған дейін кездеспеді емес, жүздесті. Бірақ қысқа кездесуде қылмыскер темір тордан шықпай, бір-біріне жақындай алмады. Ал ұзақ кездесуде бір-бірін көріп

ӨМІРЗАЯ: ТҮРМЕДЕГІ ТІРШІЛІК

— Қазақ жазадағы түрмеге түсіп, өмірінің соңына дейін қалатынын түсіну, оған көндігу — кез келген қылмыскерге ауыр. Сондықтан алғашқы 15 күнді олардың бейімделу үшін психологтер сөйлесіп, барынша түсіндіруге тырысады. Негізгі бір камерала үш немесе төрт адамнан отырады. Сол себепті алдымен қылмыскерлердің психологиялық портретін жасап, бір-біріне сәйкес келетін, келмейтіні



анықталады. «Бір ата-анадан ала да, құла да туады» демекші, әрбір адамның мінезі әртүрлі ғой. Сондықтан бір-бірін түсінетін, бір-біріне сай келетіндерді бір камераға отырғызуға тырысамыз. Бас-көз жоқ, бәрін бір жерге қамай салмаймыз. Өйткені қуықтай жерде отырған соң, теледидарға қосылған арнаға бола дау шығуы мүмкін. Осының бәрін алдын алуымыз керек, — деді тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар.

— «Адам үш күнде көрге де үйренеді» демекші, басына түскен іске адам баласы көндігеді. Өзіне-өзі қол салу фактісі болған емес. Себебі психологтеріміз олармен күнбе-күн сөйлеседі. Өңгіме барысында сотталушының көңіл-күйі бұзылса не болмаса мамандар бір нәрсеге сексенсе, бірден бақылауға алып, себебін анықтауға тырысады. Арасында сотталушының қобалжығаны, мазасыздығы, депрессияға түскенін білу үшін тест өткізіледі, — деді Аманжол Ахметов.

АНАСЫН 25 ЖЫЛДАН
КЕЙІН КӨРДІ

Күніге үш уақыт тамағынан бөлек, жұмасына бір рет моншаға түседі. Апта сайын киімдері ауыстырылып, жуылады. Өмір бойы бас бостандығынан айырылғандарға серуенге күніне бір рет бір-бір жарым сағат берілген. Онда да көк аспанды темір тордан тамашалайды.

— Мысалы, жұмасына бір рет жақындарымен сөйлесуге 15 минут беріледі. Телефонмен әңгімесі де бастан-аяқ тыңдалады. Сотталушының көңіл-күйі бұзылып, дауыс көтере бастаса, мамандар қонрауды үзеді. Мүгедектігі бар не болмаса денсаулығына байланысты келе алмаса Skure арқылы сөйлесе алады. Үйден келген хаттың өзі тексеруден өтеді. Мәселен, қаралы хабар болса, алдымен сотталушымен психолог сөйлесіп, оны дайындайды. Осыдан кейін ғана хатты қолына ұстатамыз, — деген тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Аманжол Ахметов аса ауыр қылмыскерлердің ағайын-туғанымен сөйлесу үшін әуелі бастыққа өтініш жазатынын айтты.

— Сотталушы кімге, оның оған кім болатынын көрсетеді. Сол мәліметтер толығымен тексерілген соң ғана сөйлесуге немесе кездесуге рұқсат беріледі, — деді ол. Әркім өз кезегімен келсе, күніне 10-12 адам сөйлеседі. Кейбір сотталушы шалғай жақтағы туысын әуреге салмас үшін екі сағат Skure-пен немесе видеомен сөйлесе алады. Онда да сотталушының сөйлесуге арналған бөлмеге әкеледі. Сөйтіп, темір тормен қоршалған бұрышқа отырғызып, есіктің сыртынан құлып салынады.

Жақындарымен жүздесу жеңілдетілгендерге жылына екі рет, ал қалыпты жағдайдағылар бір рет жүздеседі. Осы жаздан бастап оларға ұзақмерзімді кездесуге рұқсат берілген. Енді жазаланушылар екі күннің жақындарымен өткізе алады. Соған арнайы тамақтанып, тынығатындай 2-3 бөлмеден тұратын орын жасакталған. Біз

қана қоймай, қолынан ұстап, құшақтады. Сонда әлгі қылмыскердің анасы ұлын құшағына алып, иіскесе де онымен кездескенге сене алмады. Бүгінде 30-дан аса сотталған ағайын-туғанымен кездесе алады. Жалпы, өзгерістер енгеннен бері сотталғандардың тәртібі жақсарды. Қандай да бір себептен тәртіп бұзса, әуелі түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Қайталаса, ескерту бе-



релі. Егер оған да түзелмесе, телефонмен сөйлесу мен жүздесуден айырылады, — дейді Аманжол Ахметов.

ЖҰМЫС ІСТЕП, ДҮКЕННЕН
САУДА ЖАСАЙДЫ

Әр корпуста бейнекамера бөлмесі бар. Онда бір адам сотталғандардың камера-сында не істеп отырғанын бақылап отырады. Әр камераның төбесінде бейнекамера орнатылған. Әр камерала 3-4 сотталушыдан отырады. Өмір бойы сотталғандардың ішінде орта білім алмай қалғандар да жоқ емес. Мекеме оларға білім алып, маман атануына да мүмкіндік жасаған.

— Мектеп аттестатын алуға оқып жатқан бір тобымыз бар. Оның 18-і — өмір бойы сотталған болса, екеуі — шаруашылық қызметте жүрген қылмыскер. Олардың бәрі — адам өлімі үшін жазасын өтеп жүргендер. Ең алдымен қылмыскердің ісін қарап, мектеп бітіргеннен құжатын реттеп, білім алуына мүмкіндік жасаймыз. Олар — аттестат алуға міндетті. Ал қолдәлді әркім қалауына қарай оқиды, — дейді қылмыскерлер арасында тәрбие әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімінің басшысы Асылхан Шақаев.

Оның айтуынша, Білім министрлігінің қолдауымен жергілікті колледж сотталушыларға газ бен электр дәнекерлеуші мамандығын алуға көмектеседі. Оның үстіне, олар тегін оқытылады.



«Бұл пилоттық жоба биылдан бастап қосылды. Қазір топта 20 шақты адам бар. Олардың бәрі — өмір бойы бостандығынан айырылғандар. Негізгі оқу — 10 айлық. Жітіқаралық политехникалық колледждің ұстаздары осында келіп оқытып жатыр. Әзірге сотталушылар теориялық білім алуда, артынан тәжірибе алмасады. Алдағы

жаңаламақ болып, аяқкіім мен спорт киімін тапсырады, — дейді дүкенші Гүлнар Жаксылыққызы.

Дүкеннің іші супермаркеттен кем емес. Жаңға қажеттінің бәрі бар. Шұжықтың өзін халал мен халал емес деп екіге бөліп, тоназытқышқа салып қойған.

«ӨЗГЕГЕ ҚИЯНАТ ЖАСАМАЙ КҮН
КЕШЕР ЕДІМ...»

Кейбірі кітапханадан кітап алдырып, оқуына да болады. Алдын ала тапсырыс берсе болғаны. Мерекелік іс-шаралар немесе жиындар арнайы клубқа өтеді. Оның ішін сотталушылар өздері бояп, әсемдеген екен. Мысалы, ұлы Абай мен әл-Фарабидің суретін бір ай салыпты. Кинопроектор бөлмесі де бар. Тіпті, ілулі тұрған стенд газеттерін де өздері жасаған. Түрме қызметкерінің айтуынша, өмірлік жазаға тартылғандардың әр корпусы бойынша байқау өткізіледі. Сонда өзіне-өзі психолог деген стенд жасап, өздері әсемдейді екен.

— Жылдан-жылға қылмыскерлердің жағдайы жақсарып келеді. Тіпті, олардың осы бағыттан босап шығамыз деген үміті де бар. Мысалы, жазасын өтеген қылмыскер 25 жылдан кейін шартты түрде ұяқтынан бұрын босатуына өтініш жаза алады. Соның бірі — 2004 жылдан бері түрмеде отырған азамат. Оның бостандыққа шығамыз деген үміті бар. Егер олар тәртіпті бұзса, алдымен психолог сөйлеседі. Артынан қайталана, түсіндіру жұмысы жүреді. Тағы бұзса, ескерту жасалады. Онда да түзелмесе, жазасы қатаңдатылып, кездесуден айырылып, дүкеннен зат ала алмайды. Мысалы, бүгін тәртіп бұзса, оның жазасы тек бес жылдан кейін қатаңдатып өзгерте алады, — дейді қылмыскерлер арасында тәрбие әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімінің басшысы Асылхан Шақаев.

Ал біз жүздескен екі қылмыскер де істеген ісіне өкінетінін айтты. Екеуі де адам өлімі үшін сотталған. Бірі — қостанайлық, екіншісі — Семейдің тұрғыны.

— Қолым қанға боялды. Жазықсыздан жазықсыз адамдарға қиянат жасағанымыз түсінемін. Осыған қатты өкінемін.

— Өзіңізді қандай ой мазалайды?

— Зарлап шеккенде мені кешірмейді-ау. Осы нәрсе ойымнан шықпайды.

— Өміріңізді қайта бастауға мүмкіндік туса, не істер едіңіз?

— Адамдарға зардабымыз тигізбес едім. Еркіндікке өмір сүріп, шаруа қожалығында жұмыс істер едім.

— Өмірден не күтесіз, неге үміттенесіз?

— Өзімді көрсете алмаймын, дегенмен маған адамгершілік танытады деп ойлаймын, — дейді өмір бойына жазаланған С. есімді қылмыскер.

«Ештеңеге үміттенбеймін десем, өтірік айтқаным. Бәрібір де жүрегімнің түбінде шартты түрде уақытымнан бұрын босатыламын деп үміттенемін. Жалпы, қоғамның мені қалай қабылдайтынын білмеймін. Мені мазалайтын мәселе — осы. Бірақ өзім ештеңені жасырмаймын деп шештім. Қайда болғанымыз, не істегенімді ашық айтатын. Оны қалай қабылдайтынын сол кезде көрерміз. Отбасымыз, ата-анамның жанында болғын келеді. Айтқандарын тыңдап, ақылына құлақ асар едім, — дейді қостанайлық азамат.

Асхана жақтағы жұмыстың бәрін түрмеде жазасын өтеп жүргендер істейді.

— Шаруашылық қызметте өмірлік жазаға тартылғандар емес, 5-10 жылға ұсақ-түйекпен сотталғандар істейді. Олар тамақ дайындап, нан пісіреді, бірі сол бөлкені турады, тамақты таратады. Міне, осылар түрме ішінде емін-еркін жүріп, бөлек жатақханада тұрады. Соған қарамастан олар да бақылауда болады. Шыны керек, ешқайсысының сотталған бабына қарамаймыз, бізге бәрі бірдей, — дейді Асылхан Шақаев.

Түрме ішіндегі асхананы да көріп шықтық. Кіреберістегі бұрышта жас бала нанды турап жатыр екен. «Асханаға келіп ішетін сотталғандарға нан тілімдеп турады. Ал өмір бойына жазаланғандарға бір бөлме нан үшке бөлініп беріледі», — дейді әлгі бала. Біз де дәл аспаздың кешкі асты дайындап жатқан тірлігіне түстік. Асхананың өзінде 12 адам жұмыс істейді. Нан пісіретін бөлмесі бір бөлек жерде орналасқан. Нан салушы бір ғана адам.

Оның айтуынша, бір-өзі бөріне үлгерді. «Күніне 250 бөлме пісіремін. Нанды өзін ашытып, өзін илеймін. Бөріне үлгеремін. Бұрын 500 бөлмеге дейін пісіретінбіз», — дейді ол. Сөйтіп, сотталушылардың емес, түрме қызметкерлерінің асханасынан дәм бұйырып, тамақ ішіп қайттық.

Бастысы, түрмеден шыққан кез келген жанға мемлекет тарапынан жан бйрреттік әлеуметтік көмек беріледі екен. Кейбірінң барар жері, басар тауы болмаса, қарттар үйіне орналасуға көмектеседі. Түрме қызметкерінің айтуынша, бүгінге дейін өмір бойы жазаға тартылғанның әлі бірде-бірі түрмеден босап шықпаған.

Бүгінде елімізде табиғат құбылыстарын бақылауға мүмкіндік беретін жобалар ауқымы кеңейіп келеді. Солардың бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы орталықтың ғалымдары құрастырып жатқан наноспутник. Ғылым саласындағы тың жаңалықты естіген соң жоба авторларымен байланысқа шығып, өңгімелестік.

Ғарыш аппараты арқылы ғалымдар шағын обсерваторияда минералды ресурстарды анықтап, жер сілкінісін болжай алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Инжиниринг және жоғары технологиялар кластарының бас директоры Әмірхан Темірбаев жер сілкінісінің нақты уақытын дәл айту мүмкін емесін, дегенмен әлемде ғалымдар осы бір құбылысты болжау мәселесіне ден қойып отырғанын айтты.




– Ғалымдар жер сілкінісін болжауда әртүрлі хабаршыға сүйенеді. Қазір хабаршылардың жүздеген түрі анықталған. Олардың көпшілігі геофизикалық құбылыстарға негізделген. Мұндай құбылыстарға атмосферадағы оптикалық құбылыстар, сейсмикалық толқын жылдамдықтары, жердің беткі қабаты температурасы мен жерасты суларындағы родон құрамының өзгерісін жатқызға болады. Сондай хабаршылардың бірі – Жер ионосферасы мен магнит өрісінің күйі, – дейді ол.

Әмірхан Темірбаевтың айтуынша, литосфера мен зарядталған бөлшектерден тұратын ионосфера арасында тығыз бай-

ОТАНДЫҚ НАНОСПУТНИК ЖЕР СІЛКІНІСІН БОЛЖАЙДЫ

ланыстың болуы, жер сілкінісінен біраз уақыт бұрын ионосферадағы зарядталған бөлшектердің, атап айтқанда, электрондар концентрациясының өзгеруі ғалымдар тарапынан жер сілкінісінің айғағы деп саналған. Мәселен, 2010 жылы Гаитида, 2011 жылы Жапонияда, 2023 жылы Түркия елінде болған жер сілкінісі оқиғалары сөзімізге дәлел. Жоғарыда айтылған құбылыстар әдетте 200-500 шақырым биіктікте орын алады. 450-550 шақырым қашықтағы «төменгі орбиталарға» наноспутниктер жіберіледі. Наноспутник ионосферадағы өзгерістерді анықтай алады.

– Ғаламшар үшін осындай маңызды миссияны атқаратын наноспутникті неге бізде жасап көрмесек деген ой келді. Қазір осы жобаны пысықтап жатырмыз. Әдетте наноспутниктер Жерді күн сайын шамамен 15 рет айналып шығады. Оның



4 айналымы Қазақстан территориясына сәйкес келеді. Біздің жоспарымызға сәйкес, наноспутник Қазақстанның территориясынан өткен сәтте біз Жердегі қабылдау стансаларының көмегімен ионосфераның жай-күйін үнемі бақылап отырамыз. Тіпті, автоматтандырылған жүйені жасау ойымызда бар. Нәтижесінде, өз еліміздің территориясына үздіксіз мониторинг жасап отыруға мүмкіндік туады, – дейді.

Сұхбат барысында ҚазҰУ-лық ғалымдар жоспарлап отырған ғарыш аппаратының жобасымен таныстық. Аталған құрылғы CubeSat стандартындағы наноспутникер санатына кіреді. Шағын құрылғының көлемі небәрі 10 см*10 см*30 см болады екен. Алайда ғарыш аппаратының шағын болуына қарамастан, оның құрамына барлық ішкі жүйелер орналас-тырылады. Олардың қатарында күннен энергия алатын элементтер, сондай-ақ энергия жинағыш аккумуляторлар бар. Наноспутник келешекте 500-550 шақырым биіктіктегі орбитаға, яғни ионосфераның жоғарғы қабатына жіберіледі. Ғарыш аппараты Қазақстанның территориясынан ұшып өткен кезде жерде орналасқан стансаларға үздіксіз когерентті сигналдар жіберіп отырады. Егер ионосферада белгілі бір өзгерістер байқалса, онда жерге келетін сигналдарда фазалық айырмашылық пайда болады. Нақтырақ айтқанда, ионосферадағы зарядталған бөлшектер мөлшерінің өзгеруіне байланысты наноспутниктен шыққан сигналдар жерге кешігіп келеді. Бұл жердің қатты қабатында өзгерістер болып жатқандығына хабар береді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ионосферадағы өзгерістер Жердің қатты қабатымен, соның ішінде жер сілкінісімен тығыз байланысты. Осылайша, ғалымдар жер сілкінісін алдын ала болжай алады.

Жоспардағы наноспутник университет ғалымдарының ойлап тапқан алғашқы жобасы емес. Мамандар «әл-Фараби 1» деп аталатын ең алғашқы наноспутниктің 2017 жылы Үндістанда сәтті ұшырған еді. Арада бір жыл уақыт өтпей, 2018 жылы екінші отандық «әл-Фараби 2» құрылғысын ғарышқа жіберді. Бұл құрылғы Илон Масктың SpaceX компаниясының қолдауымен іске қосылған екен. Ғарыш аппараты ауа сапасын бақылап, өрт қаупі бар аймақтарды анықтауға көмектескен. Мамандар «әл-Фараби 2» аппараты үш жылдан аса уақыт штаттық режимде жұмыс істеп, қазір өз қызметін тоқтатқанын айтады.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – бүгінде елімізде кіші ға-

рыш аппараттарын жасап, оны басқарумен айналысатын, алғашқы қазақстандық наноспутникті ғарышқа жіберген тұңғыш және жалғыз университет. Жоғарыда аталған жобаларды орындау барысында қол жеткізген нәтижеміз – заманауи ғарыш технологияларын жетік менгерген мамандар даярлап шығару. Осындай құрылғыларды ойлап табу арқылы университетте отандық ғылыми мектептің негізі қаланды. Ал ұшырылған наноспутниктер – мамандар жасаған құрылғыларды ғарышта технологиялық тестілеуден өткізуге мүмкіндік берді, – дейді Ә.Темірбаев.

Тағы бір атап өтерлік маңызды ақпарат, былтыр Орталық Азия елдерінен келген 200-ге жуық қыз бала университеттің ғылыми орталығында наноспутник жасауды үйренген. Ғарыш аппаратын құрастырып, оған бағдарлама жазудың қыр-сырын менгерген. Сондай-ақ қыз балалар наноспутниктерді атмосфераның жоғарғы қабатына ұшыру арқылы ауадағы зиянды бөлшектердің мөлшерін өлшеген. Халықаралық ЮНИСЕФ ұйымы мен ҚазҰУ-дың бірлескен жобасы UniSat деп аталады. Аталмыш жобаның негізгі мақсаты – қыз балаларды ғылым, технология, инженерия бағытына баулу, Қазақстанда STEM саласында білім алатын қыздардың үлесін арттыру.

– Жасыратыны жоқ, елімізде Орталық Азия елдерінде қыз балалардың техника ғылымдарын игеруге деген қызығушылығы төмен. Бұл біздің ортақ менталитетіміз деп айтуға болады. Қазір біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Осы орайда математика, бағдарлама жасау, ғарыш секілді салаларда қыз балалардың да алатын орны зор екенін айтқым келеді. Оның айқын мысалдары да жоқ емес. 2020 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде Марс ғаламшарына жіберілген ғарыш аппаратын жасау жобасының жетекшісі – 33 жастағы Сара аль-Амири. Ал бүгінде ChatGPT жасанды интеллект жобасын жасап жатқан OpenAI компаниясының техникалық директоры – 34 жастағы Мира Муради, – дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры Ә.Темірбаев.

Жоба авторларының сөзінше, ғарыш аппаратын құрастыру үшін пайдаланылатын қосалқы жүйелер осы уақытқа дейін шетелден арнайы сатып алынатын. Ал осы жолы қажетті қосалқы бөлшектер өз елімізде өндіріліп жатқан көрінеді. Мамандар қаржылық мәселелер оң шешімін тапса, практикалық тұрғыда наноспутниктерді ғарышта сынап көруге болатынын атап өтті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ЗЕЙНЕТКЕР СТУДЕНТТЕР

Үйренуге, білім алуға құштарлық тек жастарға тән емес. Зейнет жасындағы ата-әжелер де оқығысы келеді. Олардың жаңа технология, ағылшын тілі, құқықтық білім сияқты бірқатар сала бойынша дағды-машықтарын шыңдап, білім көкжиегін кеңейту үшін Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Үздіксіз білім беру институты биыл екінші жыл қатарынан «Күміс университет» жобасын жүзеге асырып келеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Күміс университет» жобасы аясында егде жастағы кісілер 5 бағдарлама бойынша білім алады: қарым-қатынас пен саяхатқа арналған тілдік курстар, құқық, тарих, мәдениеттану және өнертану, сауықтыру бағдарламасы. Аталған университет былтыр 35 бағытта курс ұйымдастырса, биыл 18 бағыт бойынша курстарға өтінім қабылдауда. Бүгінге дейін мұнда 2 000-нан астам аға буын өкілі әртүрлі бағыттағы курстарға қа-



ны айтқанынша, егде тартқан жандарға сабақ өту жастарға үйреткенге қарағанда қиынырақ. Сөздің жазылуы мен айтылуында айырмашылық болуы оларға қиындық туғызады, сондықтан студенттер кейде бір тақырыпты бірнеше рет қайталап өтеді.

«Қазір студенттерге ағылшын әліппесінен бастап, әртүрлі тақырыптағы

“
«Цифрлық сауаттылық курсы зейнеткерлерге смартфонды, соның ішінде банктік қосымшаларды пайдалануды, электронды үкімет қызметтеріне өтініш беруді және басқа да пайдалы дүниелерді оңай пайдалануға мүмкіндік беруге бағытталған.»

диалогтерді үйретіп жатырмыз. Мысалы, ойын-сауық орындарында, мейрамханаларда, әуежай мен теміржол вокзалы кассаларында болатын диалогтерді жаттатып жатырмыз», – деді ол.

Ақпараттың қарыштап дамыған заманында цифрлы сауаттылық пен медиа сауаттылықты үйренуге ықылас білдіргендер саны біршама екен. Цифрлық сауаттылық курсы зейнеткерлерге смартфонды, соның ішінде банктік қосымшаларды пайдалануды, электронды үкімет қызметтеріне өтініш беруді



және басқа да пайдалы дүниелерді оңай пайдалануға мүмкіндік беруге бағытталған. Осы бағдарлама бойынша сабақ беретін педагогтер Әділет Серікқазы мен Жансая Тұрар білім алушыларға цифрлық сауаттылықты қолжетімді етуге және цифрлы қоғамда еркін өмір сүруге көмектесуге ниетті.

– Сабаққа 50 жастан асқан 40 студент катысады. Алтасына бір рет келетіндіктен, көбі кей тақырыптарды ұмытып та қалады. Зейнет жасындағы адамдар үшін арнайы бір әдістеме жасалмаған, сондықтан әзірге оларға базалық деңгейдегі тақырыптар өтіп жүрміз. Әрқайсысы өз қызығушылықтарымен келгені көрініп тұр. Бірі немерелерімен бір толқында болу үшін келсе, енді бірі сабаққа жас кезде алған білімін қайта жаңғырту үшін катысады. Қазір олар компьютерде мәтін теріп, сурет салуды үйреніп жүр. Әрқайсысының сұрақтарына жеке жауап береміз, кейде үлгермей жатсақ, ерікті студенттер де келіп көмектеседі, – дейді цифрлық сауаттылық курсының мұғалімі Әділет Серікқазы.

«Күміс университет» ашылғалы бері сабаққа тұрақты түрде катысып жүрген үлгілі студенттердің бірі – 77 жастағы Гүлжанан әжей.

«Былтыр осындай курстың ашылатынын естідім. Ағылшын тіліне тіркелуге үлгермей қалғандықтан, әуелі француз тілі курсына катысқан едім, енді биыл ағылшын тілінен де, цифрлық сауаттылықтан да білімді жетілдіріп жатырмын. Екі айдың ішінде курс жақсы нәтижелерін берді, үйде отырып-ақ құжаттарымды қарай алатын болдым, өзіме керекті ақпараттарды интернеттен оңай таба аламын. Қазір заман дамып жатыр, біз зейнеткер болсақ та, сол заман ағымынан тыс қалып қоймайық деп өзімізге арналған сабақтарға катысып жатырмыз. Әрі немерелеріміз бар, оларға да үйрету керек», – дейді Гүлжанан әжей.

«Күміс университет» бағдарламаларының ішіндегі тағы бір қызықты курстар – «Тоғызқұмалақ», «Белсенді ұзақ өмір сүру», «Экономикалық сауаттылық», «Қазақ халқының әдет-ғұрпы», «Дағдарыстық психология негіздері». Қысқасы, курсты бітіргендер шетелге шыққанда да тосылмайтын, смартфонның тілін шемішекше шағатын, қаржылай сауатты, денсаулықты қалай күтуді де білетін, нағыз заманауи, танымы кең ата-әже болып шығады.



БАЙҚОНҮР

ҚАРАСАҚ БАЙЫППЕНЕН

1955 жылы іргесі қаланған Байқоңыр ғарыш айлағы өткен ғасырдың еншісіне жазылған адамзат тарихындағы төңдесі жоқ жетістіктің бірегейі саналады. Бүгінде Қызылорда облысына қарасты Қармақшы ауданы аумағында орналасқан жабық режимдегі қалашық мемлекет ішіндегі «мемлекет» секілді. Жұлдызды қалашыққа кіріп-шығудың өзіндік тәртібі, өзгеше заңдары мен өмір сүру қағидаты бекітілген.

ЖҮЛДЫЗДЫ ҚАЛАШЫҚТЫҢ ТҮРМЫСЫ ЖАЙЛЫ МА?

Көршілес Ресей мемлекетіне жалға берілген ғарыш айлағының тұрмыс деңгейі біздікінен өзгеше. Екі елдің ақша айналымы қатар жүретін жабық қалашықта қос мемлекетке қарасты мекемелер ынтымақтастықпен жұмыс жүргізіп жатыр. Байқоңырға барған екікүндік жұмыс сапарымызда байқағанымыз — Қазақстан мен Ресей азаматтарының құқықтары басты назарда тұр. Қалашыққа барған алғашқы күні Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Президенттің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай бізге осылай деп түсіндірді.

Негізінен, Байқоңыр қаласы — жалға алу жағдайында жұмыс істейтін Қазақстанның өкімшілік-аумақтық бірлігі. Қаланың жалпы аумағы — 5497,5 гектар. Биылғы мәліметке сәйкес, қалада 57 441 адам тұрады екен. Оның ішінде 40 615 адам Қазақстан азаматы болса, 15 507 адам Ресей Федерациясының үлесіне тиесілі. Ал 1 319 адам өзге мемлекеттердің азаматтығына ие.

«Соңғы жылдары қазақстандық тараптың қаланы дамытуға қосқан үлесі артып келеді. Соның негізінде республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары есебінен бірқатар жоба іске асырылуда. Атап айтқанда, Үкіметтің 2016 жылғы 2 қарашадағы №656 қаулысымен бекітілген Бай-



қоңыр қаласының Бас жоспарына сәйкес, 2019 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 50 пәтерлі 5 тұрғын үй салынып, 7 «А» шағынауданы құрылды. Оған 2 млрд 7 млн теңге қаралып, игерілді. Бұл тұрғын үй әлеуметтік осал топ өкілдеріне берілді. 2021 жылы аталмыш шағынауданда 50 пәтерлі тағы 5 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Бұл жобаға 3 млрд 701 млн теңге қаралған. Бұған қоса, сумен жабдықтау, коммуналдық қызметтердің тарифін түсіру, газландыру, білім беру ұйымдарының қатарын арттыру бағытында да ауқымды шаралар қолға алынып отыр», — деп түсіндірді бұл жайында кешеннің арнаулы өкілі.

Қайрат Нұртайдың айтуынша, 2021 жылы Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау және қайта бұру жүйелерін жаңғырту жобасы қолға алынған. Осы жоба аясында 901,2 млн теңгеге 11,4 шақырым көріз желілерін қайта жаңғырту жұмыстары қолға алыныпты. Ал биыл аталған жұмыстарды жалғастыру үшін 1 млрд теңге қосымша қаржы қаралған. Сонымен қатар коммуналдық тарифтерді түсіру бағытында Байқоңыр қаласының әкімдігі қаланың

жылу электр стансасын негізгі мазут отынынан газға ауыстыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын алға тартады. Жылу электр стансасын газдандыру жұмыстары 2027 жылы толығымен аяқталады деп жоспарлануда екен. Сол сияқты қазақстандық білім беру стандартымен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының санын көбейту мақсатында да атқарылып жатқан қыруар шаруа бар. Соның ішінде жалдан шығарылған ғимараттарды пайдалана отырып, жыл аяғына дейін қосымша 2 балабақша ашу жоспарлануда. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жұлдызды қалашықтағы қазақтардың орыс азаматтарымен тең құқықта тұрмыс кешуіне жол ашамыз деп отыр.

ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Байқоңыр қаласында тәуелсіздік алған алғашқы жылдары білім мен денсаулық саласының мәселесі қордаланып жатты. Мемлекеттік стандартпен білім алу көптің арманы болса, «басы ауырып, балтыры сыздаған» халық Ресей меншігіндегі госпитальға қаралуға мәжбүр еді.

Соған орай 2016 жылы Байқоңыр қаласынан облыстық медициналық орталықтың филиалын ашуға мүмкіндік туды. Бұл орталық Байқоңыр қаласындағы Қазақстан азаматтары мен Қармақшы, Арал, Қазалы аудандарының тұрғындарына медициналық көмек көрсетуге негізделген.

Жалпы, 2007 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы келісімге сәйкес ғарыш айлағынан 80 орындық перзентхана мен 100 келушіге арналған әйелдерге кеңес беру орталығын салу жөнінде шешім қабылданып болатын. Соған орай құны 1 млрд теңгеге орталық ғимаратының іргесі қаланып, 2010 жылы толықтай аяқталғанымен, түрлі себеппен ашылуы кейінге шегерілді. Тек 2015 жылы Мәскеуде өткен үкіметаралық комиссия отырысында Қызылорда облысы әкімдігінің бастамасымен аталмыш ғимаратты Қазақстан тарапына беру туралы шешім қабылданады. Осылайша, заманауи

қоңыр қаласының Бас жоспарына сәйкес, 2019 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 50 пәтерлі 5 тұрғын үй салынып, 7 «А» шағынауданы құрылды. Оған 2 млрд 7 млн теңге қаралып, игерілді. Бұл тұрғын үй әлеуметтік осал топ өкілдеріне берілді. 2021 жылы аталмыш шағынауданда 50 пәтерлі тағы 5 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Бұл жобаға 3 млрд 701 млн теңге қаралған. Бұған қоса, сумен жабдықтау, коммуналдық қызметтердің тарифін түсіру, газландыру, білім беру ұйымдарының қатарын арттыру бағытында да ауқымды шаралар қолға алынып отыр», — деп түсіндірді бұл жайында кешеннің арнаулы өкілі.

«Мектеп 2015 жылы Қазақстанның білім беру стандартына ауысты. Оған дейін Ресей стандартымен білім алатынбыз. Бүгінде мектебімізде 1 351 оқушы таза қазақ тілінде білім алады. Сондай-ақ мектепалды даярлық тобымызда 26 бала тәрбиеленуде. Материалдық-техникалық базамыз кеңейді. Оқулықпен қамту ісінде де мәселе жоқ», — дейді мектеп директоры Жұмағұл Тілеуғабайлова.

Бұл білім ошағы 2019 жылы «Үздік білім беру ұйымы» конкурсына қатысып, 17 млн теңге ұтып алған. Осы қаражатқа мектепке қажетті құрал-жабдықтар алынып, материалдық-техникалық базасын жаңартуға ықпал болыпты. Соның ішінде интернетке қолжетімділік артып, панель теледидарлар іске қосылған. Мектепте 61 сынып кешені бар.

Негізінен, ғарышты қалашықта 5 казактілі білім ұясы мен балабақша болса, оның барлығы да заман көшінен қалмай, сапалы білім, саналы тәрбие беруге жұмыс жүргізіп келеді екен. «Ертеректе жұлдызды қалашықтағы 12 мектептің барлығы Ресей Федерациясына тиесілі болды. 2015 жылдан бастап бөлініс кезеңі қарқын алып, аралас білім алуға қол жеткізілді. Бүгінде ғарышты қалашықта 5 мектеп Қазақстан меншігіне өтіп, толық қазақша білім беру стандартына көшірілді. Бұл білім ұйымдары Қармақшы ауданының білім бөліміне қарайды. Бұған дейін жоғары сынып оқитын балалардың оқу орнына түсіп қиындық туғызды. Себебі сол кездері Ресейдің білім беру стандартына сәйкес, көптеген мектепте қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәні оқытылмапты еді. Бұл мәселе уақыт өте келе екіжақты үкіметаралық комиссияға қаралып, бір шешімге келді. Яғни, Ресей меншігіндегі білім ошақта-

рдың аталмыш пәндерді оқимын деген балаларға қосымша немесе толықтай сабақ негізінде мүмкіндік жасалатын болды. Соның аясында өткен жылы Ресей меншігіндегі бір мектепке қазақ пәндері енгізілсе, биыл қалған 6 мектепке де осы оқу пәндерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр», — деп түсіндірді бұл жөнінде Қайрат Нұртай.

Тағы бір айта кететін мәселе, Ресей меншігіне қарасты 7 мектеп пен балабақшаны 28 адам басқарса, қазақстандық 5 мектеп пен балабақшаны Қармақшы аудандық білім бөлімі тарапынан 2 сектор маманы қадағалайды.

КӨСП АШУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

1994 жылдың аяқ жағында жасалған арнайы келісімшартта Қазақстан аумағындағы Байқоңыр қаласының ішінде тек Ресей мемлекетінің салық заңнамасына сәйкес жұмыс атқарылуы тиіс деп көрсетілген. Яғни, қазақстандық бір кәсіпкер Байқоңыр қаласына кіріп, кәсіппен айналысу үшін Ресей салық органдарына тіркелуге міндеттеледі. Соған сәйкес, барлық салығын осы мемлекетке төлеу талап етіледі.

«Осы орайда салыстырмалы түрде Ресей мемлекетінің салығы біздікінен әлдеқайда жоғары екенін айта кету керек. Себебі жабық қалаға тек Қазақстанның тауарлары келеді. Сондықтан Байқоңырға кіргізілген тауар шетелден экспортталған тауар ретінде тіркеледі. Бұл бірінші кезекте кәсіпкерлерге біршама қиындық туғызады. Соған орай қалайшылық дүкендердегі заттың бағалары көршілес Төретам, Қармақшы



аурухананың оналту бөлімінде тұрақты түрде ем алып тұрады. Әрдайым дәрігерлердің бақылауында тұрған ол медициналық көмек сапасын жоғары бағалайтынын айтты.

Қазір байқоңырлықтардың бас ауруына айналған негізгі мәселенің бірі — Ресей тарапынан зейнетақы алатын тұрғындардың еліміздің емдеу мекемелеріне емделуі үшін медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілмеуі болып тұр. Соған орай екі елдің денсаулық сақтау саласы бойынша министрлері байқоңырлық 4 мыңға жуық зейнеткердің емдеу мекемелерінен тегін медициналық көмек алуына мүмкіндік жасау мәселесін реттеп жатыр. Бұл мәселе жақын арада шешімін табады деп күтіліп отыр. Кешеннің арнаулы өкілі Қайрат Нұртай бізге осындай ақпаратты жаңалығын жеткізді.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА БЕТБҮРІС

Қазір қаладағы қазақ азаматтарының үлесі 70 пайызға жеткен. Алғашқыда келісімшарт негізінде бұл өңірде қазақ мектебі мүлде болмаған.

Жұлдызды қалашықта алғаш қазақ мектебі болып ашылған білім ошағының бірі — №277 мектеп-лицей. Қызылорда облыстық Білім басқармасына қарасты 1 200 орындық бұл мектептің үздіксіз жұмыс істеп тұрғанына 10 жылға жуықтапты. Мектеп директоры балаларға сапалы білім алуға барлық жағдай жасалып отырғанын алға тартады.

«Мектеп 2015 жылы Қазақстанның білім беру стандартына ауысты. Оған дейін Ресей стандартымен білім алатынбыз. Бүгінде мектебімізде 1 351 оқушы таза қазақ тілінде білім алады. Сондай-ақ мектепалды даярлық тобымызда 26 бала тәрбиеленуде. Материалдық-техникалық базамыз кеңейді. Оқулықпен қамту ісінде де мәселе жоқ», — дейді мектеп директоры Жұмағұл Тілеуғабайлова.

Бұл білім ошағы 2019 жылы «Үздік білім беру ұйымы» конкурсына қатысып, 17 млн теңге ұтып алған. Осы қаражатқа мектепке қажетті құрал-жабдықтар алынып, материалдық-техникалық базасын жаңартуға ықпал болыпты. Соның ішінде интернетке қолжетімділік артып, панель теледидарлар іске қосылған. Мектепте 61 сынып кешені бар.

Негізінен, ғарышты қалашықта 5 казактілі білім ұясы мен балабақша болса, оның барлығы да заман көшінен қалмай, сапалы білім, саналы тәрбие беруге жұмыс жүргізіп келеді екен.

«Ертеректе жұлдызды қалашықтағы 12 мектептің барлығы Ресей Федерациясына тиесілі болды. 2015 жылдан бастап бөлініс кезеңі қарқын алып, аралас білім алуға қол жеткізілді. Бүгінде ғарышты қалашықта 5 мектеп Қазақстан меншігіне өтіп, толық қазақша білім беру стандартына көшірілді. Бұл білім ұйымдары Қармақшы ауданының білім бөліміне қарайды. Бұған дейін жоғары сынып оқитын балалардың оқу орнына түсіп қиындық туғызды. Себебі сол кездері Ресейдің білім беру стандартына сәйкес, көптеген мектепте қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәні оқытылмапты еді. Бұл мәселе уақыт өте келе екіжақты үкіметаралық комиссияға қаралып, бір шешімге келді. Яғни, Ресей меншігіндегі білім ошақта-

рдың аталмыш пәндерді оқимын деген балаларға қосымша немесе толықтай сабақ негізінде мүмкіндік жасалатын болды. Соның аясында өткен жылы Ресей меншігіндегі бір мектепке қазақ пәндері енгізілсе, биыл қалған 6 мектепке де осы оқу пәндерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр», — деп түсіндірді бұл жөнінде Қайрат Нұртай.

Тағы бір айта кететін мәселе, Ресей меншігіне қарасты 7 мектеп пен балабақшаны 28 адам басқарса, қазақстандық 5 мектеп пен балабақшаны Қармақшы аудандық білім бөлімі тарапынан 2 сектор маманы қадағалайды.

КӨСП АШУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

1994 жылдың аяқ жағында жасалған арнайы келісімшартта Қазақстан аумағындағы Байқоңыр қаласының ішінде тек Ресей мемлекетінің салық заңнамасына сәйкес жұмыс атқарылуы тиіс деп көрсетілген. Яғни, қазақстандық бір кәсіпкер Байқоңыр қаласына кіріп, кәсіппен айналысу үшін Ресей салық органдарына тіркелуге міндеттеледі. Соған сәйкес, барлық салығын осы мемлекетке төлеу талап етіледі.

«Осы орайда салыстырмалы түрде Ресей мемлекетінің салығы біздікінен әлдеқайда жоғары екенін айта кету керек. Себебі жабық қалаға тек Қазақстанның тауарлары келеді. Сондықтан Байқоңырға кіргізілген тауар шетелден экспортталған тауар ретінде тіркеледі. Бұл бірінші кезекте кәсіпкерлерге біршама қиындық туғызады. Соған орай қалайшылық дүкендердегі заттың бағалары көршілес Төретам, Қармақшы

алдына кітап пішінді ескерткіш тақта орнатылып, оған ақынның өлеңі екі тілде жазылған. Осы жерде Лениннің тас мүсіні секілді қазақ ақынына да бір еңселі ескерткіштің бұйырмағаны көмескі ойға жетеледі.

Ессіне бюст орналасқан көшенің қиылысына ақынның үлкен билборды ілінгіпті. Айналасы жасыл шөппен көмкерілген. Халықтың айтуынша, билбордтың төңірегіне жаз мезгілінде қазақ жастары жиі шоғырланып, көк шөптің үстінде демалып отырады екен.

Негізінен, Байқоңыр қаласында туризм саласын дамытуға мүмкіндік зор. Бұл жайында бұған дейін де айтылып жүр. Бірақ жалға алынған қалаға турист тарту бұлай тұрсын, кез келген адамның емін-еркін кіріп шығуына тыйым салынған. Алайда өкілдік тарапынан бұл мәселе жыл аяғына дейін онтайлы шешімін табатынын айтып, ақсолтай жаңалығымен бөлісті.

«Сонымен қатар жабық қалашыққа кіріп-шығу мәселесі де назардан тыс қалған емес. Бұған дейін жұлдызды қалашыққа жұмыс істейтін азаматтар мен ұшу зымырандарының кіргізілуі ғана заңмен шектелмеген. Құпия әскери-ғарыштық қалашық болғандықтан, өзге адамдарға кіріп-шығу қиындық туғызатын. Соған орай бүгінде Байқоңырды еліміздегі өзге қалалар секілді ашық қалашыққа айналдыру бағытында екіжақты келіссөздер жүргізіліп жатыр. Бұған дейін арнайы рұқсат беру бөлімі арқылы қалаға кіру үшін 10 күнге құжат дайындалатын. Оған белгілі бір уақыт қажет еді. Соған өзгеріс енгізу бойынша тапсырма берілді. Осыған орай пилоттық жоба ретінде 1 желтоқсаннан бастап кіреберіске бір маманды отырғызып, рұқсатнама беру ісін жедел шешуге жол ашатын боламыз. Осы арқылы ұзақ жолға шыққан жолаушылардың қалаға жедел кіріп, ғарыш айлағын көріп, демалып, тамақтану шығуына мүмкіндігін арттыру жоспарланып отыр», — дейді арнаулы өкілі.

Жалпы, қалаға іргеледі өтіп жатқан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолының да экономикалық ықпалы зор. Бұл жолмен күніне 10 мыңнан астам көлік өтеді. Соған сәйкес пилоттық жобаны іске асыру арқылы туризм саласының дамуына мүмкіндік артады деп есептейтінін алға тартты. Сондай-ақ кіріп-шығуды жеңілдету арқылы қала экономикасын жана қырынан дамытуға жол ашу жоспарланып отырғанын жеткізді.

ХАЛЫҚ ӨКІМДІ ШАҚЫРАДЫ

Жұлдызды қалашықта өзекті мәселелер рет-ретімен шешіліп жатыр. Дегенмен әлі де түйіні тарқатылмаған түйткілдер жоқ емес. Жергілікті жұртшылық тұрғын үй, денсаулық саласы мен коммуналдық төлемдер төңірегінде мәселелер әлі де бар екенін алға тартты.

«Қалада иесіз тұрғын үй көп. Негізінен, тұрғын үйлер халыққа жалдық сипатта беріледі. Қанша жылдан бері баспананы жекешелендіру мәселесі көтерілгенімен, еш нәтиже болмады. Жұмыссыздық та жайлап тұр. Екі қолға бір күрек табу қиын болып кетті. Өйткені қалада жұмыспен қамту орталығы жоқ. Халық Қармақшы ауданы орталығына қарайды. Соның салдарынан халықты жұмыспен қамту мәселесі кенжелет тұр. Жалпы, бұл аумақта Төретам мен Ақай елді мекенін қосқанда 120 мыңдай халық бар. Соның ішінде Төретамда еме алатын аурухана жоқ. Ал Ақай елді мекенінде 10 орынға ғана лайықталған емдеу орны жұмыс істейді. Сондықтан халық Байқоңыр қаласына келуге мәжбүр. Бұл емдеу мекемесінде орын тапшылығы сезіледі. Оның жанында кеңес кезеңінен қалған госпиталь бар. Ресей иелігіндегі бұл аурухананың тең жартысы бос тұр. Оған халықтың еме алуына рұқсат етілмеді. Сол сияқты қаладағы екі қабаттан тұратын балалар ауруханасының ғимараты бос тұр. Бірақ ол да Байқоңыр тұрғындарына пайдалануға берілмейді», — деп мына шақты қала тұрғыны Кеңешілік Күзенбаев.

Оның айтуынша, қымбатшылық қамтығын қиған байқоңырлықтар жұмыс пен сапалы медициналық көмекке зәру. Сол себепті де жабық қаладан жұмыспен қамту орталығын ашып, халыққа жайлы жағдай жасалса деген талабын жеткізді.

«1982 жылдан бері осы қалада жұмыс істедім. Қазір Ресей заңымен зейнеткерлікке шықтым. Зейнетақы Ресей валютасымен төленеді. Бірақ мөлшері өте аз. Ал қалада коммуналдық қызмет пен басқа төлемдердің бағасы аспанда тұр. Азық-түлікті іргелегі Төретам кентінен тасымалдаймыз. Жабық қалада заттар қымбат. Сондай-ақ жалдап тұрып жатқан баспанамыздың сапасы сын көтермейді. Кіреберіске құзыретті мекеме тарапынан тазалық жұмыстары жүргізілмейді. Бірақ әлі сайын белгіленген мөлшерде ақша төлеп отырмыз. Жалпы, ғарышты қалашықта заңсыздықтар көп», — деп ашынады тағы бір тұрғын Күләш Сейілбаева.

Ашынған халық аймақ басшысынан қолдау күтетінін ортаға салды. Облыс әкімі іргелегі қазақ ауылдарға талай мәрте жұмыс сапарымен келсе де, Байқоңырға ат ізін салмағанын айтады. Басты талаптары — Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Байқоңырға арнайы келіп, халықпен кездесіп, мән-жайды көзбен көрсе дейді.

ТОВЫҚТАЙ ТҮЙІН:

90-жылдары Байқоңыр тікелей Мәскеуден қамтамасыз етіліп келді. Сол уақытта жабық қалашықта еліміздің өзге облыстарында жоқ өнеркәсіп тауарлары, азық-түліктер мен киім-кешектер болатын. Уақыт өте келе қалашықта еліміздің үлесі де өсіп келе жатқаны байқалады. Алайда қаланы жұмыссыздық жайлап, қымбатшылық қыспаққа алғаны халықты шаршатып тұрғанға ұқсайды. Жабық қалашыққа барған сапарымызда осыны аңғардық.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҰТЫМДЫ ҚАДАМДАРЫН ҰСЫНДЫ

Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, қоғамдық әл-ауқатты арттыру секілді мәселелерді шешу бойынша берген тапсырмаларын орындау үшін бүгінде Түркістан облысында бірқатар жобалар қолға алынған. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының Сауран ауданының кәсіпкерлерімен және инвесторларымен бизнес саласын талқылау бойынша кездесуінде айтылды.

Айталық, Түркістан өңірінде жиһаз кластарын қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Осылай деген облыс басшысы нарықтық бәсеке арқылы кәсіпкерлердің өндіріс қабілеттілігін арттырып, одан әрі сыртқы нарыққа бет алудың маңызын түсіндірді.

Кездесу барысында Сауран ауданындағы жаңа жобалар таныстырылды. Бизнес саласындағы мәселелер мен ұсыныстар талқыланды. Кәсіпкерлер өз кәсіптерін кеңейту мен ілгерілету бағытында кездесіп отырған келдергілер мен туындап отырған мәселелер туралы жеткізіп, қолдау сұрады.

Өз сөзінде Дархан Амагелдіұлы кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет тарапынан қабылданып жатқан бағ-

дарламалар мен жеңілдіктердің аз еместігін жеткізіп, олардың нәтижесін тілге тиек етті. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашудың маңыздылығын айтты.

— Түркістан өңірінде кәсіпкерлікті әрі қарай дамытып, жаңа деңгейге көтерудің маңызы зор. Бұл орайда жаңа жұмыс орындарын ашуда бизнестің рөлі жоғары. Ал кәсіпкерлер өз кезегінде ашықтық пен айқындылық ұстанымын ұстанып, өз кәсібін дамытуы керек. Өңіріміздегі кәсіпкерлердің креативті идеялар мен ұсыныстарын қолдаймыз. Бәсекеге кәсіпкерлердің өндіріс қабілеттілігін арттырып, одан әрі сыртқы нарыққа бет алу өте маңызды, — деді Дархан Сатыбалды.



Облыс әкімі Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, қоғамдық әл-ауқатты арттыру секілді мәселелерді шешу бойынша берген тапсырмаларын тыңғылықты орындау қажетін айтты.

— Сіздердің бастамаларыңыз туралы үнемі хабардармын. Бізде жиһаз кластарын барынша дамытуға мүмкіндік мол. Қытай сапарынан кейін өздеріңізден жақсы бастамалар күтеміз. Ел дамуындағы оң өзгерістер бизнеспен тікелей байланысты болғандықтан саяси реформаларды бірлесе жүзеге асыру керектігі. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететіндігі сөзсіз. Осыған орай бизнес өкілдерін жаңа жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырамын, — деді облыс басшысы.

Кездесуде кәсіпкерлер субсидия алу, жер телімін бөлу, электр жарығы тарифінің бағасын түсіру, инфрақұрылым жүргізу сияқты мәселелер талқыланды.

Кездесуге қатысқан мемлекеттік органдар мен монополист кәсіпорындардың басшылары кейбір сұрақтарға сол жерде жауап беріп, қажетті кеңес берді.

Кәсіпкерлерді толғандыратын сұрақтар талқыланып, оларға заң талаптары бойынша түсіндірілді.

Мұндай кездесулер алдағы уақытта тұрақты түрде өткізілетін болады.

Сауран ауданына іс-сапармен барған өңір басшысы «Ауыл аманаты» жобасы бойынша да атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

— «Ауыл аманаты» жобасы — ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік. Аудан, ауыл әкімдері, жауапты басқарма басшылары осы жобаның тиімділігін елге түсіндіріп, өз істерін бастауға қолдау көрсетіңіздер, — деді Дархан Сатыбалды.

Бұл бағыттағы ізденістерді жалғастыруды, тұрғындарға қолдау көрсетуді тапсырды. Жобаны сапалы жүзеге асырып, бәсекеге қабілетті өнім шығару керегін айтты. Жергілікті әкімдік пен жауапты басқармаға жобаға қолдау көрсетуді тапсырды.

Айта кетейік, облыста «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 16 ауданнан 64 ауылдық округ анықталып, 75 кооператив құрылды. Жобаны қаржыландыруға республикалық бюджеттен 19,8 млрд теңге қаржы бөлінді.

Бүгінде «Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-на «Ауыл аманаты» жобасы бойынша облыс көлемінде 21 млрд теңгені құрайтын 4 060 жобаға өтініш түсті. Оның ішінде уәкілетті органмен 3 690 жоба қаралып, жалпы соммасы 17,6 млрд теңгені құрайтын 2 954 жоба мақұлданды. 13,3 млрд теңге көлеміндегі 2 236 жоба қаржыландырылды.

Ал Сауран ауданында 4 ауылдық округ тандалған. Ауданда 260 жоба бойынша өтініш түскен. 1108,63 млн теңге көлемінде 174 жоба мақұлданды.

Облыс аумағында жобаны іске асыру нәтижесінде, 3 220 жоба қаржыландырылып, 3400-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады және тұрғындардың күнкөріс деңгейі 1,5 есеге ұлғаяды деп жоспарлануда.

Өңір басшысы Сауран ауданы, Ескі Икан елді мекенінде болды. Осында орналасқан ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде «Сауран сүт» сүт өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр. Жобаның құны — 400 млн теңге. Мұнда жылына 3,6 мың тонна сүт өнімдері шығалы деп жоспарланған. 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Кәсіпкерлер өнімдерін Түркістан және Қызылорда облыстарына өткізуді межелеп отыр.

Өңір басшысы Ескі Икандағы М.Юлдашев атындағы спорт мектебінде болды. Жас спортшылармен кездесіп, үстел теннисін ойнады. Бүгінде аталған спорт мектебі жанынан 200 орындық жатақхананың құрылысы жүріп жатыр. Инвестор бұл жобаға 350 млн теңге жұмсамақ.

Дархан Сатыбалды Сауран ауданындағы «Авиенна» емханасында болды. Жекеменшік емхана бір ауысымда 500 адамды қабылдауға қауқарлы. Медициналық орталық 100 адамды жұмыспен қамтиды. Заманауи орталық соңғы үлгідегі қондырғылармен қамтылған.

Аталған нысандарды аралаған Дархан Сатыбалды ауылды өркендетуге үлес қосатын инвесторларға қолдау көрсетуді жалғастыруды, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тиімді түрлерін қолдану керегін айтты. Аудан әкіміне елді мекендерді дамыту жөнінде тапсырма берді.



ШАРУАЛАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛГЕН КҮН

Түркістан облысы ауыл шаруашылығындағы өнім көлемі бойынша республикада бірінші орынға шықты. Көкөніс, бақша өнімдерінен биыл рекордтық 3,3 млн тонна өнім жиналды.

Қара күз оңтүстік өңір шаруалары үшін нағыз қайнаған еңбектің шыңырауына жететін қарбалас уақыт. Олай дейтініміз — ала жаздай тырбанып еңбек етіп, табан ақы, маңдай терін төгіп баққан малы мен еккен егінінің жемісін көретін кез. Тап осы мезгілде шаруалар қырман салып, мол өнімін жинап, семіз малын пұлдап пайдаға кенеледі. Қазір қамбаларын астыққа толтырып, қыс қамына дайындық басталып та кеткен.

Қашанда тынымсыз еңбекпен көпке үлгі болып жүретін түркістандық шаруалар үшін биыл айтарлықтай жақсы жыл болды деп айтуға болады. Айталық, Түркістан облысында ауыл шаруашылығында, жалпы өнім көлемі 802,6 млрд теңгені құрап, республика бойынша 1 орынға шықты. Жыл қорытындысымен жалпы өнім көлемі 1 трлн 127,3 млрд теңгеге, нақты көлем индексі 103 пайызға жеткізіледі деп күтіліп отыр. Бұл туралы жыл сайын оңтүстік жұртшылығы асыға күтетін «Алтын күз—2023» мерекелік іс-шарасында белгілі болды.

Облыс орталығы Түркістан қаласында ұйымдастырылған «Алтын күз—2023» шарасында жәрменке өткізіліп, тұрғындарға арзан бағада азық-түлік өнімдері саудаланса, көпшілікке мемлекеттік бағдарламалар арқылы алынған ауыл шаруашылығы техникалары, облыс өндірушілерінің өнімдері және өзге де жетістіктер көрмесі ұсынылды.

Еңбегімен дараланған өңір жұртшылығы ақ түйенің қарны ақтарылғандай болған бұл күнді жаз бойы еткен еңбегінің жемісін көріп, мәре-сәре болып қуанышпен қарсы алды.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиынға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қатысып, еңбек адамдарына құрмет көрсетті. Ол алдымен жәрменке мен көрмені тамашалап, «Тұран су» мекемесіне 15 заманауи экскаваторды табыс етті. Одан кейін «Конгресс холл» кешенінде өткен жиында ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек озаттарын құттықтап, марапаттар табысталды.

— Сіздерді жыл сайынғы тұрақты дәстүрімізге айналған «Алтын күз» салтанатты мерекесімен шын жүректен

құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында облыстың агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып келеді. Осы салада жалпы өнім көлемін ұлғайту бойынша республикада алғашқы орынға шықтық. Ауыл шаруашылығы, тамақ өндірісінің негізгі капиталына тартылған инвестициялар 2 есеге дейін артты. Ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған алқап өткен жылдан 9 мың гектарға ұлғайды. Көкөніс, бақша өнімдерінен рекордтық 3,3 млн тонна өнім жиналды. Мал шаруашылығы көрсеткіштерінің өсімі 5 пайыздық деңгейде қамтамасыз етілді. Ет экспорты бойынша облыс республикада көш басында келеді. Экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 85 пайызы, ұсақ мал етінің 60 пайызы біздің өңірдің үлесінде. Биыл біз жылжымайтын көмірмен қамту мәселесін реттедік. «Тұран су» кәсіпорнының жұмысын жүйелеп, техникасын жаңартып, су нысандарын қалпына келтіру және төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын мерзімінде атқара білдік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыруды тапсырды. Біз қайта өңдеу, өнімдерді сақтау, су үнемдеу технологиясын енгізу, «Ауыл аманаты»

жобасын сәтті жүзеге асыру бағытында жұмысты күшейтеміз. Сіздерді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке мен бірлік тілеймін! — деді Дархан Амангелдіұлы.

Ауылшаруашылық саласының әлеуетін көтеру және инновациялық тәсілдерді де қолдану қажетін сөз еткен өңір басшысы жүн және тері өнімдерінің қазіргі жағдайына да тоқталды.

«Мемлекет басшысы биыл Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор, бірақ қолда бар мүмкіндіктер әлі де толық пайдаланымай отырғандығын атап өтті. Саланы тек инновациялық амал-тәсілдермен ғана табысқа жеткізетіндігіне ерекше тоқталды.

Осыған орай, облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде шешімін табуға қажетті өзекті мәселелер жеткілікті. Оның ішінде қайта өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазір облыста өндірілген жеміс-көкөніс, ет, сүт өнімдерінің қайта өңдеу көлемі 20-25 пайыздан аспайды.

Ал тері, жүн өнімдерін өңдеу саласы тоқырауда десек те болады. Біз осы саланы жаңғырту, жаңа инвесторлар тарту есебінен өңдеу көлемін 70 пайызға жеткізуіміз қажет», — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы өңірдегі атқарылған жұмыстардан алда атқарылар міндеттер-



дің ауқымы мен жауапкершілігі өте жоғары екенін жеткізді.

Облыс әкімі мерекелік жиынға ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері, мамандары мен ардагерлері жиналғанын ескере отырып, осы ауқымды шараларды бірлесіп атқаруға шақырды.

Мерекелік шарада облыс басшысы бір топ азаматты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Еңбек ардагері» медалымен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады. Сонымен бірге облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде даму көрсеткіштерін орындауда алғашқы үштікке енген аудан, қала әкімдерін марапаттады. Бірінші орынды 9 айда 53,4 млрд теңгені өнімін өндіріп, агроөнеркәсіптік кешенінің негізгі капиталына 8,4 млрд теңге, тамақ өндірісіне 2,3 млрд теңге инвестиция тартып, көш бастаған Қазығұрт ауданы әкімдігі жеңіп

алды. Екінші орын Жетісай ауданының еңбеккерлеріне бұйырса, үшінші орынға Сайрам ауданы лайық деп танылды.

Жиында облыстың аграрлық саласының дамуына белсенді үлес қосып келе жатқан озат агроқұрылым басшылары мен өкілдеріне де құрмет көрсетілді. Ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлерінің құрметіне мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынылды. Айдар Тұрғамбек, «Заман» тобы және Түркістандағы «Конгресс холдын» Jana Iep әншілері мен өңірдегі танымал би топтары өнер көрсетті.

Айта кетейік, Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешені жалпы өңірлік өнімінің 30 пайызын құрайды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі драйвері. Биыл егістікті әртараптандыру нәтижесінде масақты дақылдар 10 мың гектарға артып, 273,4 мың тонна өнім жиналды. Малазықтық дақылдар 2 мың гектарға артып, 223,7 мың гектарды құрады, 5 млн тонна мал азығы дайындалды. Мақта саласын кешенді дамыту мақсатында Түркістан облысының мақта-тоқыма кластарын құру жобасы әзірленді. Облыста су үнемдеу технологияларын пайдаланатын алқап 34 мың гектарды құрайды. Оның ішінде тамшылатып суғару технологиясы 23 мың гектарға, жанбырлатып суғару технологиясы 10 мың гектарға орналастырылған.

Облыстың агроөнеркәсіптік кешен саласында биыл 16,7 млрд теңгені құрайтын 25 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланса, бүгінде 22 жоба іске асырылып, 14,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Тоғыз айда ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 82,2 млрд теңге инвестиция тартылып, 145,9 пайызға ұлғайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 250,3 млн АҚШ долларын құрап, 1,4 есеге артты.



Дайындаған Тельман БЕЙСЕН

Қазан айы туысымен Қазақстанның әр аймағында малға итқұс тигені туралы хабарлар естіле бастады. Қостанай облысының Қосарал ауылдық округінде қойға қасқыр шапса, Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарындағы Күршім және Үржар аудандарында аю маза бермей тұр. Байқасаңыз, барлығы – шекарада орналасқан елді мекендер.



ҚАСҚЫРДЫ

ҚҰРТҚАН ҚАЙСЫСЫ?

ғында тұз тағысы жылдан жылға азайып барады. Ал СҚО-да соңғы жеті жыл бойы қасқыр кездеспеген.

Ашық дерек көздеріндегі ақпаратқа сүйенсек, республикада аталмыш жыртқыш саны бес есе азайып кетті. Мәселен, 1988 жылы Қазақстанда 61 мың қасқыр болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш – 26,7 мың, 2014 жылы – 19 778, 2019 жылы – 12 000 болып кеміген.

Десе де қазақ даласына мұнша қасқыр көптігі ете ме, әлде аз ба? ҚБСА өкілі, биолог маман Сергей Скляренко тұз тағысы төрт түліктің қас жауы болғанымен еліміздің экожүйесінде маңызды рөл атқаратынын айтады.

«Қасқырды біз табиғаттың «санитары» деп санаймыз. Ол бәрін аулайды, тандамайды. Ауру аң, құтырған жануар, вирусты жәндік – түгел жейді. Осылайша, ол табиғаттағы сан мен сапаны реттеп отыратын хайуан. Байқасаңыз, қасқыр азайып кеткен жерде шибөрілер көбейеді. Біздің онтүстік өңірде шибөрі көп. Ол қасқырға қарағанда өте қауіпті жыртқыш, адамға шабады және үйірімен топтасып жүріп, түрлі ауру тарататын да солар», – дейді С.Скляренко.

ҚАСҚЫР АТУ ҚАЖЕТТІЛІК ПЕ, ҚҰМАРЛЫҚ ПА?

Елімізде қасқырды жаппай қыру 2000 жылдары болған. Табиғат жана-шырлары тұз тағысының түбіне техника жеткенін айтады. Интернетте қазіргі заман аңшылары жүктеген бейнематериалға қарап отырсаңыз, қасқыр аулау қажеттілік те, құмарлық та емес, қаскөйлік пе деп қаласыз. Расында да, қазір қалтасы көтерген жанның кез келгенінің тақымында моторлы шанадан бар. Оның нарықтағы бағасы 5-7 млн теңге болса, мінілгенін 700 мың-1 млн теңгеге де табасыз. Қалың қардың бетімен сағатына 120 км жылдамдықпен жүйткелітін шаналар жыртқыштың адымын аштырмайтын болған.

Қасқыр қуу, аң аулау ісі бұрын қалай еді деген сауалды жас кезінде бірнеше қасқыр сокқан аяғздік зейнеткер Сәкен Сабырбекұлына қойды.

«Біз кезінде қасқырды атпен қуып, сойылмен соғып алатынбыз. Оған аттың аты, жігіттің жігіті шыдас береді. Аты жеткенмен сойыл сілтеуге шамасы келмей, көкжалға жүрегі дауаламайтындар да болады. Сондықтан қасқыр соғу үлкен

өнер саналатын. Қазір қашқан қасқырға бәрі батыр. Қасқыр айтады екен: «төрт аяғым тең болса, бір түнде жеті өлкені кесіп өтем» деп. Яғни, ол серттің аны. Кәсіби аңшылар оны тұз тағысы, даланың серісі деп таниды. Олардан хайуанға үлкен қауіп жоқ», – дейді 87 жастағы ақсақал.

Алайда тұз тағысының түбіне техника жетеді дегенге қарсы уәж айтағындар да бар. Кәсіби аңшы, қоғам белсендісі Нұржан Жолдыбекұлы қазір қасқырлар да заманға сай бейімделгенін айтады.

«Қасқыр – өте әккі жыртқыш. Ол шананың келе жатқанын 4-5 шақырымнан сезеді. Құтылып кетудің де әдіс-тәсілдерін менгеріп алған. Оған қоса, соңғы кезде үйірде іріктелген, мықты жыртқыштар қалды. Шана тұрмақ, тік-ұшақтармен аңға барғандар жер-дүниені шарлап бос қайтып жатыр», – дейді ол.

Қоғам белсендісінің айтуынша, қазір төрт аяқты қасқырдан емес, екі аяқты «қасқырдан» қауіп көп.

«Мен рұқсаты бар, кәсіби аңшымын. Жиырма жыл болды заңға сай кәсіп етемін. Бірақ қазір қасқыр атамыз деп лицензия алып алғандар, кездескен қоныр аңды атады да, қалааралық автобустарға салып, үлкен шаһарларға жөнелтеді. Олардың ішінде сауық құрған әкімдер де бар, байлығына мастанған бизнесмен де бар, тіпті жануарларды қорғау инспекциясының мамандары да сыбайласып алған. Оларда қарудың түр-түрі бар. Ел ішінде жүріп бәрін естейміз. Міне, ең бірінші осыны тоқтату керек», – дейді Н.Жолдыбекұлы.

«БӨРІ ЖОҚ ДЕМЕ, БӨРІК АСТЫНДА»

Қасқыр – аяғына сенген жыртқыш. Арқада аңшы біткен моторлы шана, темір көлікпен қуып, тыныштық таптырмаған соң қары жұқа жаққа, таулы, орманды аймақтарға ауып барып паналайтын болған. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында киік көбейгелі көкжалдар қоныр аңның соңынан еріп, азығын айыруды жиі әдет қылған. Жәнібек ауданында «Әлем» шаруа қожалығының иесі Ескендір Елемесов биыл көктемде итқұсқа 30 шақты құлынын алдырған.

«Соңғы бірнеше жыл қар жұқа, қуа алмаймыз. Көктемде киікпен ілесіп келген қасқыр көп болды да, туған құлындарды шетінен жеп кетіп жатты. Оны атайық десек рұқсат жоқ, лицензия қажет. Сайт арқылы рұқсат алу үшін интернеттің болуы тиіс, аудан орталығы болмаса алыстағы шаруашылықта телефон байланысының өзі нашар. Оған қоса, малшының көбінде қазір итқұсты үркітетін қару да жоқ. Күзетке пайдаланатын мылтық атаулыны полиция қызметкерлері алып қойған. Соны біліп алғандай жыртқыштар да адамнан бой тасалап қашпайтын болған», – дейді шаруа.

Қару демекші, ПМ тұрғындардан заңсыз сақталған қару-жарақты сатып алу шарасын 2012 жылдан бері өткізіп келеді. Министрлік жіберген мәліметке

қарағанда, бүгінге дейін халықтан 57 мыңнан аса атыс қаруы және 2 млн-ның үстінде патрон жиналыпты. Өткізілген қару-жараққа орай берілген сыйақы сомасы 2,7 млрд теңгені құраған. Жекелей қаруға келсек, оған төленетін қаражат та әрқалай қару түріне, техникалық жағдайына байланысты 34 мыңнан 345 мың (10-нан 100 АЕК-ке дейін) теңге мөлшерінде.

Біз хабарласып, жағдайын білген екінші шаруа Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауылының тұрғыны Амантай Шорманұлының айтуынша, қасқыр негізінен өрістегі жылқығы, иесіз жатқан малға тиіседі.

«Мен өз басым сүтті сиыр ұстаймын, ірі қара мал болғандықтан жазда бақташы соңында жүреді. Қыста қорда ұстап, шөп береміз. Сол себепті қасқыр менің малыма тисе қойған жоқ, бірақ аю көбейді. Өткен қыстың аяғы созылып кетіп, аю апанынан ерте шықты да, жазғы-



тұрымғы арық малға жиі шабуыл жасады», – дейді Нұралы шаруашылығының басшысы.

ҚАСҚЫРДЫҢ АУЗЫ ЕУРОПАДА ДА ҚАН

Біздің табиғат қорғаушылары қасқыр азайды деп жатса, Еуропа жұрты жыртқыштың көбейіп кеткеніне алаңдап жатыр. Rewilding Europe сайтының жазуынша, жыртқыштың саны 2020 жылы 12 000 айналасында болса, қазір 17 000-ға жеткен. Германияда қасқырлардың популяциясы жыл сайын 36% өсіп келеді. Франция үкіметі таратқан ресми статистикасына сәйкес, 2020 жылы қасқырлар 11 мың қой-ешкіні жарақаттаған. 2023 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында Германияда 600-ден аса үй жануары мен төрт түлікке шауып, зақым келтірген.

Дегенмен Еуропада қасқырдан келген шығын айтарлықтай болғанымен біздегідей жаппай қасқыр атуға шығып кетуге мүмкіндік жоқ. Фермерлер малын қорғап қасқыр атса, табиғат қорғаушы мамандар оларды заңды бұзғандар деп айыптап, қарсы шығып жатыр. Таяуда Еуропарламент депутаттары ЕО аумағында қасқырды қорғаушылардың мәртебесін төмендетіп, фермерлер жағына шығуға шақырды.

Айтқандай, «кәрі құрлықтағы» қасқырға қарсы науқанды қыздырған оқиға былтыр қыркүйекте Германияның федералды аумағы Төменгі Саксонияда тіркелген. Еуропалық комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйеннің Долли деген поинин жарып кеткеннен кейін қасқыр дауы тіптен ушықты. Қасқыр құрбандығының қожасы кім деп қарай ма?! Бұл оқиға жазушы Мұхтар Мағауиннің «Пүрқоралдың көк аты» әңгімесін еске түсірген. «Мен жергілікті және ұлттық билікті қажет жерде әрекет етуге шақырамын», – деп мәлімдеген Еурокомиссия басшысы осы оқидан соң. Десе де басшысынан қосшысына дейін салқынқанды мінез танытатын елдер бұл оқиғадан соң да жаппай аңшылыққа тізгін берген жоқ. Еуропалық қорғаушылар қасқырды Еуропа ландшафтының ажырамас бөлшегі деп бой бермей отыр.

Ұлағат БЕКБОЛАТ



«Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таныды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Языковые переводы» – несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«Тығыздауыш және төсем материалдары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тығыздауыш және төсем материалдары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Уплотнительные и прокладочные материалы»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Уплотнительные и прокладочные материалы» – несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Кеңсе күзету» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС, «Кеңсе күзету» қызметтерін сатып алудың, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жетісу-1 шағынауданы, 18 ұй мекенжайында орналасқан, БСН 050140015684, «СБ Арыстан» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Охрана офиса»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуг «Охрана офиса» ТОО «СБ Арыстан» Республикой Казахстан, город Алматы, мкрн. Жетісу-1, дом 18, БИН 050140015684. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Алаш арыстарын ардақтап, халық аузындағы деректер мен ұрпақтарының естелігін таспаға түсіруді мұрат еткен Qagan production жобасының алғашқы өнімі қазақтың көрнекті тұлғасы, қоғам қайраткері, жазушы, әдіскер-ғалым, ұстаз, публицист Мұстақым Малдыбаевқа арналды. Есімі елге оралған, кейінгі уақытта ғана аты атала бастаған Мұстақым кім?

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ
Деректер Мұстақым Малдыбаевтың 1880 жылы бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Үшқара тауының баурайындағы Сарықияқ қыстауында дүниеге келгенін жеткізеді. 1927 жылы желтоқсан айында 47 жасында Семейде қайтыс болып, Сарықияқ қыстауына әкеліп жерленген.

Алаш арыстарының бірі болған Мұстақым Малдыбаев кешегі өткен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермековпен бірге ұлт мүддесі үшін күресте бірге жүрген. Мәди Бөпиұлының сыйлас, пікірлес досы болған.

«Мұстақымнан бір ұл, екі қыз қалған. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханның құрметіне ұлының атын Әлихан деп атаған. Әлихан Алматыда, кіші қызы Талдықорғанда, тұңғыш қызы Сүйімбике Семей қаласында тұрған. Асылдың тұяғы Әлихан Малдыбаев танымал ақын, белгілі журналист Кәрім Сауғабаевқа жазған хатында былай дейді: «Әкем бес жаста, оның ағасы Сәулей жеті жаста жетім қалыпты. Шешелерінің қарауында жүріп, жерлерінің қойын бағып, күн көріпті. Троицкіге жылқы айдаушылармен барып, сонда оқуға түсіпті. Кейінірек Уфада «Ғалия» медресесінде оқып, ауылында өзінің ағайындарының, жерлерінің балаларын оқытты. Семейде де мектепте сабақ берген болуы керек. Уфада оқып жүргенде Ғазиза Ғайнулла деген татар қызына үйленіп, елге алып келіпті. Шешеміз Ғазиза 1891 жылы туып, 1928 жылы қаңтар айында әкеміздің қырықын алдында қайтыс болыпты. Күйеуінің сүйегін еліне апарып қайтқанда, өкпесіне суық тиген болуы керек». Осы хатта жазылғандай Троицк қаласындағы орыс-қазақ мектебінде, сонымен бірге қазақтың көптеген көрнекті тұлғалары білім алған Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған. «Ғалия» медресесін аяқтағаннан кейін 1910–1911 жылдар аралығында Жетісу өңіріндегі Есенқожа Маманов сияқты танымал азамат негізін қалаған Мамания мектебінде оқытушы әрі басқарушы қызметін атқарғаны туралы тарихи деректер кездеседі», — деп жазады, филология ғылымдарының кандидаты Саржан Уахитұлы Otalyq Qazaqstan газетінде «Аталмай жүрген арыс» атты мақаласында.



АТАУСЫЗ КЕТКЕН МҰСТАҚЫМ

Одан әрі қарай Мұстақымның 1912 жылдан бастап Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында оқытушы болып қызмет еткенін, XX ғасыр басындағы әлемдегі өзгерістер мен төңкерістерден қазақ даласы да тыс қалмағанын тілге тиек ете келе, алмағайып кезеңде қазақ халқының ұлттық санасын оятып, өз дәуіріндегі көкейкесті мәселелерді көтерген Алаш көсемдерінің қасынан Мұстақым Малдыбаевтың да табылғанын атап өтеді.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Семей облысында Қазақ комитеті ұйымдастырылғанда, Мұстақым сол комитеттің құрамына енеді. Қазақ комитеттері ұлттық мәселелерді көтеріп, халыққа жетекшілік ететін ұйымға айналады. Семейде облыстық Қазақ съезі ұйымдастырылады. Съезді ұйымдастырған зиялы топтың жуан ортасында болады. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылады. Мұнан соң М.Малдыбаевтың ұлттық мәселелерге деген танымы айқындала түседі. Қазақ халқының болашағы тәуелсіздікте екенін

білген ол «Алаш» партиясының Семейдегі комитетін құруға ерекше еңбек сіңіреді. 1917 жылы наурыздың 7 жұлдызында Семей қаласында Райымжан Мәрсекөв, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, тағы басқа ұлт зиялыларының ұйымдастыруымен Қазақ комитетін құруға қатысты өткен, бірінші жыында, қаланың «Заречная Слободка» деген бөлігін «Алаш қаласы» деп атау туралы шешім қабылданды. Осы жылдың қараша айының 21-22 жұлдызында болған жиында Алаш қаласы Думасының төрағасы болып Алашқа ерен еңбек сіңірген азаматтың бірі Бидахмед Сәрсенов, ал оның орынбасары болып Мұстақым Малдыбаев сайланады. Ал аталмыш қаланың басшысы болып П.Шевченко тағайындалады. Сонымен қатар Алаш әскерін жасақтауға да атсалысады.

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ ТҮСІРІЛДІ

Биыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орайластырып Карқара-

лыда туып-өскен, еліне еңбегі сіңген «Алаш» қозғалысының белді мүшесі, ағартушы ғалым, публицист жазушы, педагог, ұстаз Мұстақым Малдыбайға арнап ескерткіш тұғыр ашылды. Ескерткіш-тұғыр Карқаралы ауданы, Мәди ауылы, Үшқара тауының етегіндегі Сарықияқ қыстағының қасында жатқан қайраткердің зираты қасына қойылды.

Міне, осы жерге елге белгілі зиялы қауым жиналды. Сол уақытта Qagan production жобасының Мұстақым Малдыбаев туралы деректі фильм түсірілген болатын.

Сол уақытта Карқаралы ауданын басқарған Ерлан Құсайын: «XX ғасырдың басы, өзіңіз қарап тұрсаңыз небір оқиғаларға толы өтті. Қазақтың маңдайына біткен, қаймағындай болған ұлт зиялылары ел үшін күресті, басын бөйгеге тікті, Махамбет айтқандай, «қара қазан, сары баланың қамы үшін» жан аямай арпалысты. Сол жолда шаһид кешті. Біздің тарихшыларымыздың зерттеуіне қарағанда жүз мыңнан астам адам итжеккенге айдалды. Жиырма бес мыңдай қазақтың маңдайына біткен мықты тұлғасы, жақсы мен жайсандары ату жазасына кесілді... Карқаралының тарихы — бұл күллі қазақтың тарихы деп білеміз. Себебі қазақтың осынау тағдырлы тарихында болған небір оқиғалар Карқаралы өңірін айналып өткен жоқ. Карқаралы — Алаш арыстарының күндіз қаны тамған жер. Сол қатарда бүгін біз келіп, басына белгі қойып отырған Мұстақым Малдыбай әкеміз де бар еді. Оның саналы ғұмыры жайында елге сіңірген еңбегі туралы тарихшыларымыз, жазушыларымыз алдағы кезеңде айта жатар. Менің ойымша,

дүниеден өткен арысымыз Мұстақым Малдыбай туралы, ұлы қайраткер тұлға туралы кейінгі буынның зерттей бастауы — адамның жан дүниесін тербейді.

Біз неліктен осыншама көп уақытқа дейін анық-қанығына дейін түгелдеп жеткізе алмадық?! Бұл немқұрайлық па, жайбасарлық па деген тұлғой ой мені мазалайды. «Біз Әлихан, Ахмет, Мұстафа Шокайларды білеміз. Бүкіл елдік тұлғалары республикалық деңгейдегі тұлғаларды білеміз. Біз облыстық, аудандық деңгейдегі алашордашыларға әлі күнге дейін толық жеткен жоқпыз», — деген тарихшы Мәмбет Койгелді. Тіпті, оларды осылайша аудандық, облыстық деңгей деп айтудың өзі артықтау болар. Жалпы, бәрі де ұлты үшін жанын пид еткен азаматтар, оларды біз ештен кеш болса да көтеріміз керек. Қырық жеті жасында дүниеден озған алаш қайраткері Мұстақым Малдыбай ескерткішінің ашылуындай тарихи оқиғаға күе болу — мен үшін де үлкен бақыт», — дейді.

Алаш арыстары туралы кітап жазып, елге танылуына себепкер болып жүрген Құғ баласы қоғамдық қорының негізін қалаушы, алаштанушы ғалым Елдос Токтарбай: «Осыдан 12 жыл бұрын ұстазым Тұрсын Жұртбай Мамания мектебінде білім алған, Мамания мектебіне қолдау көрсеткен әрбір шәкіртті толық зерттеп шық деп тапсырма берген болатын. 2014 жылы Мұстақым Малдыбайдың бүкіл шығармасын мұрағаттан тауып, жаңғыртып, кітабын шығара бастадық. Ең алғашқы кітабы 200 дана болып Қарағанды мемлекеттік университетінен шыққан болатын. Одан кейін 2020 жылы Қарағанды облысы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының басшысы болып тұрған кезінде Ерлан Бейсенбайұлы қаражат тауып беріп шығартқан болатын», — дейді.

Сол уақытта елін сүйген ерлер біріне бірі қолғанат бола білді. Мысалы, 1921 жылы Мұстақымды түрмеден алып шығамын деп қару-жарасыз келген, большевиктік жүйенің құрбаны болған Мәди Бөпиұлы болатын. 1921-жылдың шілдесінде Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетіне Мұстақым Малдыбайдың «Жолдасы» деген лақап атпен Мәдидің өлімі туралы мақала жазды. Сол мақалада: «Ол өзінің досын құтқарамын деп түрмеге келіп қаза тапты», — деп жазады.

Мұстақым сол уақытта туған өңірінде тұңғыш мектеп ашқан, сауыт салдырған. Бір басына жүз адамның істер ісін жүк қылып артқан арда азамат болды. Ол сол кезеңдегі қазақ ұлтына өзекті болған мәселенің бірі оқулық шығарумен де айналысты. «Қазақша ең жаңа әліппе» мен «Қазақша оқу кітабы» секілді пайдалы оқулықтарды жазып, ағарту саласы дамуына үлес қосты.

Екі жылдан кейін 145 жылдығы аталып өткелі отырған, елім, жерім деп еміреніп өткен Алаштың ардақты ерінің атына қалаларда көше, ескерткіш орнатып, «Мұстақым Малдыбаев деген кім?» дегенде осындай ардақты да асыл тұлғамыз болған деп тарих оқулығына да енгізген дұрыс болар ма еді!?

АЛАКӨЛДЕГІ АҒАШ МЕКТЕП

Алматы қала болып танылмай тұрғанда, уезд орталығы ретінде аты алысқа таралған, қазақтың талай тұлғаларының табанының ізі, қолының таңбасы қалған Қартапдағы небір көрмет ғимараттар тоналып, құрып, бітуге таяды. Сыры мен мұңын ішіне бүккен Жаркенттегі түрме де тозып кетті, енді біреу жылдан соң орны ғана қалады. Осындай көнеңің көзі, тарихтың сөзі бола алатын нысандар шекаралы аймақ – Алакөлде де жетіп, артылады.



Ел ішінде іргесі қаланғанына ғасырдан асқан ағаш мектептің бар екендігі, мұнда әлі күнге балалар оқитыны жайлы әңгіме айтылатын. Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар ауылындағы көне білім ошағы туралы телеарналардан көрсетілген ақпаратты да көзіміз шалғаны бар. Ауылдағы толықтай аман сақталған бірден-бір көне ғимарат — Алакөл аудандық білім бөліміне қарасты Көкжар ауылдық мектебінің үйін жұрт «Ағаш мектеп» деп атайды. Ақыры оны көрудің сәті түсті. Білім ошағы орналасқан ғимарат XIX ғасырдың соңына таман ағаштан киюластырып, салынған еңселі үйлердің бірі болып шықты. Оны қай көпестің салғызғаны, Қазан төңкерісінен кейін қандай максаттарға пайдаланылғаны жайлы нақты деректер жоқ. Ауылдың кіреберісіндегі жотада орналасқан, алыстан көзге шалынатын, үлкенді-кішілі бөлмелерден тұратын ескі нысан.

Мектептің құжатында бекітілген уақыты деген жерде: «1895—



1932 жылы» деген екі түрлі цифр жазылған. Соған қарағанда, бұл ағаш үй 1895 жылы салынып, 1932 жылы мектеп ретінде пайдалануға берілген деуге болады.

— Мен 1950 жылдардың соңында осы мектепте оқыдым. Апам да

«ағаш мектепте» білім алдым деп жүретін. Ол кісі 1990 жылдары сексеннің сенгіріне келіп қайтыс болды. Біздің кезімізде ауылда 700-ден астам үй болды. Қазақтар аз еді. Екінші дүниежүзілік соғысқа ауылдан 200-ге жуық адам майданға аттаныпты. Көбі оралмаған. Мектептегі сабақ орыс тілінде жүретін, — дейді ауыл тұрғыны Василий Мырзагелдин.

Тәуелсіздіктен кейін ауылдағы өзге ұлт өкілдері өз елдеріне көшіп, Отанына оралған қазақтар қоныстана бастапты.

— 1997 жылы мектепке математика пәнінің мұғалімі болып келдім. Ол кезде мектепте 65 бала оқитын, — дейді ұстаз Гүлмира Әбжанова.

Барлығы 10 бөлмеден тұратын нысанда ауылдың бір ғасырдан асатын жән жергілікті білім саласының жүз жылдық тарихы жатыр. Бүгінде мектепалды даярлығымен қоса 1-9 сынып аралығында 20 шақты бала оқиды. Оларға 16 мұғалім сабақ береді. Мектеп құрылысы кейінгі жылдары жаңғыртылғаны болмаса, сыртқы келбеті сол калпында сақталған. Ауылда интернет желісі болмағандықтан білім ошағының кіреберісі мен үлкен бөлмесіне орнатылған бейнебақылау камерасы жұмыс істемейді. Ұстаздар сыртқы әлеммен жұмыс телефоны арқылы ғана байланысады.

Қалай болғанда да, ғасырмен құрлас, тіпті одан да ұзақ тарихтан сыр шертетін осы бір саулет ескерткішінің (солдай атауға болады) тарихи мұраны қорғау мекемелерінің назарына ілінбей келе жатқандығы кынжылтады.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

AIQYN ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!



Құрметті оқырман! 2024 жылға газетке жазылу науқаны жүріп жатыр. Отандық баспасөзде өзіндік орны бар AIQYN газеті де осынау науқаннан тыс қалмақ емес. Басылым алдағы жылда да сіздерге сапалы сараптама, қызықты сұхбаттар мен танымдық мақалалар ұсынуын жалғастыра бермек. Ал сіздерден сүйікті газеттеріңізге қолдау күтеміз.

Дегенмен биыл газетке жазылу бағасының біршама өскенін де мойындауға мәжбүрміз. Қағаз құнының, коммуналдық төлемдер тарифінің өсуі басылым бағасына да әсер еткен жайы бар. Алайда көзі қарақты, саналы оқырманның басылымға жазылып, қазақ баспасөзіне қолдау көрсетеріне сенеміз.

AIQYN газетінің редакциясы

2024 жылға AIQYN газетіне жазылу бағасы («Қазпошта» АҚ құны қызметінің құны және ҚҚС бірге есептелді)

Жазылу түрі	Индекс	Жазылу мерізімі	«Қазпошта» АҚ жазылу бағасы (тенге)	
			Қала	Аудан/ауыл
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай	7494,15	7814,50
		12 ай	14988,30	15629
Мекемелер мен ұйымдар үшін	15102 – AIQYN	6 ай	11744,15	12064,50
		12 ай	23488,3	24129



Әйгерім сән индустриясына кездейсоқ келген.

— Мамандығым — журналист. Университетте сабақ оқып жүрген уақытта жергілікті «Атырау» радиосында тәжірибеден өттім. «Атырау» газетінде де біраз уақыт тәжірибеден өткенім бар. Аз уақыт болса да, журналистика маған көп нәрсені үйретті. Ең бастысы, адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру, адамның психологиясын түсіну, сөйлеу мәдениетін меңгердім. Бірақ оқуды аяқтаған соң, журналист ретінде еңбек майданында жүріп көрмеппін. Тұрмыс құрып, бала сүйгеннен кейін кез келген әйел адамда дамудың жаңа кезеңі басталады деп ойлаймын. «Үйде босқа отырғанша, шаш әрлеуді үйреніп алайын» деген ниетпен қысқамерзімді курс оқып алдым, — дейді Әйгерім.

Осылайша, шаш әрлеу, жалпы, сән индустриясына аса бір қызығушылығы болмаса да, Әйгерім жаңа саланы меңгеруге бел бұған. Бұл тұста ата-анасы, отбасы тарапынан қолдау көп болғанын айтады.

— Бастапқыда қыздардың шашын киіп, басын жуып, иә бояп жатқан кезде, «шынымен

Әйгерім Өткелбаева — сән индустриясына журналистикадан барған атыраулық қыз. Жақында Әйгерім бастаған команда Түркияның өлемге танымал курортты қаласы Антальяда өткен халықаралық конкурста бас жүлдені иеленіп, 11 миллион теңге ұтып алды.

BEAUTY ИНДУСТРИЯДА БАҒЫ ЖАНҒАН

мұның барлығын жасап жатқан мен бе?» деп ойлайтынмын. Уақыт өте келе жаңа жұмысыма үйреніп кеттім. Қыздарды әсемдеу, оларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау өзіме ұнай бастады, — дейді Әйгерім.

Әлемнің 14 елінен «мен» деген шеберлер қатысқан конкурс Әйгерімнің айтуынша, өте тартысты өткен.

«Біз Түркияға конкурсқа қатысумен бірге, біліктілікті арттыру сабағына барған болатынбыз. Біздің арамдыда шаштараздар, стилистер, мейкап шеберлері болды. Конкурсқа біз командамызда 15 қыз болып қатыстық. Байқау қорытындысы бойынша Қазақстаннан келген біз, яғни атыраулық команда үздік деп танылды. Қуанышымыда шек болған жоқ. Шыны керек, мен бұл конкурсқа сән саласына келіп, он-солымды танығалы бері дайындалып жүрген едім», — дейді Әйгерім.

Байқау нәтижесімен Әйгерімнің командасына 11 миллион теңге табысталған.

Әйгерім — үнемі ізденісте жүретін маман. Ол алты ай сайын Қазақстанның ішінде, шет елдерде біліктілігін арттыру курстарына қатысып, өзін дамытып отырады.

«Болашақта жеке сән салонымы ашқым келеді. Бұл мақсатта қазір жұмыс істеп жатырмын. Сонымен бірге бала күтімімен үйде отырған аналарды оқытып, өз командамды жасактасам

деген ниетім бар», — дейді Әйгерім.

Әйгерім — қазір Атыраудағы сұранысқа ие шаштараздардың бірі. Әйгерімнің қызметіне қыз-келіншектер бір-екі апта бұрын жазылып қояды.

«Кейде тіпті, таңғы сегізден түнгі он екіге дейін тапжылмай қызмет көрсететін кездерім болады. Жананы үйренген сайын, жұмысым жеңілдеп, қызметіме деген

махаббатым ашыла түсуде», — дейді Әйгерім.

Атыраулық сәнқой қыз-келіншектер, аналар арасында Әйгерім — шебер маман ретінде ғана емес, қайырымдылыққа жаны құмар адам ретінде де танымал. Ол аптасына бір рет «Қайырымдылық сағатын» жариялап отырады. Яғни, бұл уақытта Әйгерім көпбалалы аналардың шашын тегін бояп, ботокс, кератин сияқты шаш емдеу процедураларын клиенттің қалауына қарай жасап беріп отырады.

«Айналадағы қыз-келіншектерді, жалпы үйде отырған аналарды осы сән индустриясына шақырамын. Бұл жерде шығармашылық, сұлулық, еркіндік пен шабыт және тұрақты табыс бар», — дейді Әйгерім.

Біз қоштасарда Әйгерімнен бала күнгі арманы туралы сұрадық. Қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келген Әйгерім бала күнінде дәрігер болуды армандаған екен.

«Адамдарды емдесем, оларға көмектесем» деп ойлайтынмын. Бірақ қазіргі жағдайыма еш өкінбеймін. Кеңірек ойлап қарасақ, мен қазір де адамдарға көмектесіп жүрмін. Себебі сұлулық — әйел адам үшін ең алдымен көтеріңкі көңіл күйдің, табыстың кілті. Өз-өзіне сенімді әйел отбасында да шуақты атмосфераны орната алады», — дейді Әйгерім.

Баян ЖАНУЗАҚОВА

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Астанада «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру аясында сапалы білім беру жолдары» атты республикалық ғылыми конференция өтті. Оған ғалымдар, профессорлар, білім саласындағы тәжірибелі мамандар, Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері және ұстаздар қатысты.

Жиын барысында «Білім-инновация» ХҚК оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі вице-президент Қуат Қожахметов:

— Қазір әлем күрт өзгеріп әрі күрделі дамып келе жатыр. Жаһандық дамумен қатар жаһандық проблемалар туындауда. Экологиялық проблемалар, білім саласындағы тенсіздіктер артып, тіпті кей елдерде балалардың білім алуы шектелуде. Осыған орай БҰҰ 196 мемлекетті жинап, бұл мәселелерді қалай шешу керектігі жөнінде жиын өткізген болатын. Сол кезде 2030 жылға дейін шешімін табуға тиіс 17 мақсат белгіленген. Бұл мақсаттар «Тұрақты даму мақсаттары» деп аталады. Осы бағыттар бойынша 2030 жылға дейін қандай қадамдар жасауымыз керек, жаһандық проблемалар шеңберінде отандық білім саласында қандай мәселелер бар, оны қалай шешуге болады деген сұрақтар төңірегінде ой қозғау үшін еліміздегі осы сала

білімге қалай қол жеткізуге болады? Олардың оқу, білім беру сапасын жекеменшік мектептер деңгейіне көтеруге бола ма? Бұл сұрағымызға жауабын Білім сарапшыларының қазақ лигасы басшысы Гүлнар Әбішова былайша жеткізді:

— Қала мектептері мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты түсінуге болады. Ауыл мектептерінде материалдық база төмен, жақсы мұғалімдер қалада қалғысы келеді. Бізде сондай іріктелу бар. Мұның бәрі, біріншіден, менеджментке байланысты. НЗМ пен БИЛ-дерде басқару жүйесі мықты жолға қойылған. Қарапайым мектептердің білім сапасын көтеру үшін басқару жүйесін дұрыстау керек. Талап қоя білу қажет. Материалдық жағдай ғана емес, мұғалімдердің балаларға білім беру методикасын өзгерту керек. Соңғы 10 жылда білім беру жүйесінде біраз реформа жасалды.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ — МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Қазір елімізде баланың құқығы және баланың денсаулығы ең өзекті мәселеге айналып кетті. Мемлекет тарапынан отбасы институтының беделін көтеру, отбасылық құндылықтарды нығайту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Соңғы жылдары қиын жағдайға тап болған, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға жәрдемдесетін орталықтар ашылып, қамқорлық кеңестері көбейді. Бірақ отбасылық жанжал, тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан зардап шеккен балалар саны азаймай тұр.

Оқу-ағарту министрлігі дүниежүзілік балалар күніне орайластыра «Балалардың әл-ауқаты: бала құқықтарын қорғаудың өзекті бағыттары мен тиімді тәжірибелері» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Астанада өткен жиында балалар қауіпсіздігі, әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау және инклюзивті білім беру мәселелері талқыланды.

Жиын барысында Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан министрлік білім беру жүйесі мен балалардың құқықтарын қорғау саласының түйткілді мәселелерін талқылау, тиімді шешімдер қабылдау мақсатында үкіметтік емес ұйым өкілдерімен бірлесіп, түрлі бағыттар бойынша сараптамалық кеңестер құрғанын атап өтті.

— Министрлік тұрақты негізде 120-дан астам үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттестік жасауда. Біздің ынтымақтастығымыз білім беру саласындағы маңызды креативті жобалар мен өзекті мәселелердің стандартты емес шешімдерін дамытуға, оның ішінде ауылдық жерлерде балаларды қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға серпін бермек, — деді Еділ Оспан.

Сонымен қатар вице-министр балалар арасындағы буллингке қатысты жұмыстың кешенді түрде атқарылып келе жатқанын, Заң жобасында буллинг мәселесіне қатысты арнайы нормалар қарастырылғанын айтты.

Ал Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева мүдделі мемлекеттік органдармен, Парламент депутаттарымен, үкіметтік емес ұйымдармен және қалың жұртшылықпен бірлесіп әзірленген және әртүрлі диалог алаңдарында талқыланған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа Заң жобасын таныстырды. Динара Зәкиеваның айтуынша, аталған Заң жобасында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрі үшін жазаны қатандату қарастырылған. Сонымен қатар Динара Зәкиева ауыр қылмысты жасағандардың жеңіл жазамен құтылып кетіп жатқанын, сол себептен жаңа заңға жыныстық сипаттағы қолсұғушылық бабы ұсынылғанын атап өтті. Жиын барысында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін арнайы психолог мамандар дайындау, психологиялық қызметтердің жұмысын күшейту бойынша қабылданып жатқан шаралар, педагог-психологтердің біліктілігін арттыруға, мектеп атмосферасын шыңдығында бағдарламаның тиімділігін пилоттауға және талдауға баса назар аудару туралы қадау-қадау мәселелер қаралып, бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер, үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік мекемелер өкілдерінің пікірлері талқыланып, шешімдер қабылданды.

Тілегүл МҰҚАНАТ



мамандарын жинап отырмыз, — деді.

Бүгінде еліміздің білім беру саласында қордаланған проблема көп. Әсіресе, ауыл мен қала мектептері арасында, тіпті қала мектептерінің өзінде білім беру сапасында, материалдық-базалық, инфрақұрылымдық жадықтауда алшақтық айқын аңғарылады. Мектептерде әлі күнге дейін үш ауысымда оқу проблемасы шешімін таппаған жоқ. Оқушылардың мектепте 45 минут бойы алған білімін қосымша сабақтарға бару арқылы толықтыру мәселесі күн өткен сайын күрделеніп барады. Шынығында, мұндай проблема НЗМ, БИЛ және басқа да жекеменшік білім беретін мектептерде жоқ. Сәйкесінше, қарапайым мектептерде сапалы

Оған көп қаржы жұмсалды. Бірақ әлі мониторингтік талдау, есеп жасалған жоқ. Жаңартылған білім беру жүйесіне ауыстық, оның да көрсеткіштері анық емес. Білім жүйесіне жеке-жеке бақылау жүйесі болғанымен, ұлттық бақылау жүйесі қалыптаспаған, — деді сарапшы.

Ал тұрақты даму көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін елімізде кемі 17 бағытта БҰҰ бекіткен мақсаттар орындалуы керек. Қ. Қожахметовтің айтуынша, елімізде әлемнің тұрақты даму мақсаттарынан кейбір ұйымдар бейхабар. Сондықтан бұл тақырыпты жиі-жиі көтеріп, мұғалімдер, ата-аналар және оқушыларға жеткізу маңызды болмақ.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБAY —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4374
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілегі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,